



# ENVY<sup>17</sup>3D

АЛҒАШҚЫ ЖҰМЫС

HP ENVY<sup>17</sup> 3D Алғашқы жұмыс

© Copyright 2010 Hewlett-Packard Development Company, L.P.

ATI Catalyst белгісі - Advanced Micro Devices, Inc. компаниясының сауда белгісі. Microsoft және Windows белгілері - Microsoft Corporation корпорациясының АҚШ-та тіркелген сауда белгілері. Bluetooth белгісі – Hewlett-Packard Company компаниясының лицензия бойынша пайдаланатын сәйкес иесінің сауда белгісі. SD Logo белгісі – оның иесінің сауда белгісі.

Осы құжат қамтитын ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін. HP өнімдері мен қызметтеріне барлық кепілдіктер аталған өнімдер мен қызметтерге тіркелетін осы кепілдіктер туралы анықтамаларда белгіленген. Осы құжатта берілген ешбір мәліметті қосымша кепілдік ретінде түсіндіруге болмайды. HP осы құжаттағы техникалық немесе басылған не түсіп қалған қателер үшін жауапты болмайды.

Бірінші басылым: қазан, 2010ж.

Құжат бөлігінің нөмірі: 626325-DF1

### **Өнім ескертпесі**

Бұл нұсқаулық көптеген модельдерге бірдей болатын мүмкіндіктерін сипаттайды. Кейбір мүмкіндіктер компьютеріңізде жұмыс істемеуі мүмкін.

### **Бағдарламалық құрал терминдері**

Осы дербес компьютерде алдын ала орнатылған кез келген бағдарламалық құрал өнімін орнатсаңыз, көшірсеңіз, жүктеп алсаңыз немесе басқа жолмен пайдалансаңыз, HP Түпкі пайдаланушы лицензиялық келісіміне (EULA) бағынуға келісесіз. Егер сіз осы лицензиялық шарттармен келіспесеңіз, төленген қаражатты компьютерді сатқан орынның қаражат қайтару ережелеріне сәйкес қайтару үшін пайдаланбаған өнімді (жабдықты және бағдарламалық құралды) 14 күн ішінде сатушыға қайтару жалғыз шараңыз болып табылады.

Компьютер үшін төленген қаражатты толығымен қайтару туралы толық ақпаратты жергілікті сату нүктесінен (сатушыдан) алыңыз.

## **Пайдаланушы нұсқаулықтары**

HR компаниясы өнімдерінің қоршаған ортаға әсерін азайту міндетін мойнына алады. Осыған байланысты пайдаланушы нұсқаулықтары мен үйретуші орталықтарды компьютердің қатты дискісіндегі Анықтама және қолдау орталығында орналастырылады. Пайдаланушы нұсқаулықтары үшін қосымша қолдау мен жаңартуларды веб-тораптан алуға болады.



## Қауіпсіздік ескертпелері

---

- △ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Күйік алу қатерін азайту және компьютерді қызып кетуден сақтау үшін, оны тізеге қоймаңыз немесе ауа желдеткішінің саңылауларын бітемеңіз. Компьютерді тек қатты және тегіс бетте пайдаланыңыз. Жақын жерде тұрған принтер сияқты қатты заттардың немесе жастық, кілем не киім сияқты жұмсақ заттардың ауа келу жолдарын бітеуіне жол бермеңіз. Компьютермен жұмыс істеу кезінде айнымалы ток адаптерінің дене немесе жастық, кілем немесе киім сияқты жұмсақ заттармен қатынасуына да жол бермеңіз. Компьютер мен айнымалы ток адаптері ақпараттық құралдар аумағында қолданылатын (IEC 60950) құрылғы қауіпсіздігі бойынша халықаралық стандарттармен анықталған пайдаланушыларға арналған шектелген бет температурасы талаптарына сәйкес болуы қажет.
-



# Мазмұны

<b>1 Қош келдіңіз .....</b>	<b>1</b>
Қандай келесі қадам .....	2
HP 3D Фильм технологиясы .....	2
Beats Audio .....	3
Stardock .....	3
ATI Eyefinity көп дисплейлі технологиясы .....	4
Бір үлкен экран үшін дисплейлер конфигурациясының мысалы .....	4
Экрандық суретті ауыстырып көрсету .....	4
ATI Catalyst басқару орталығын пайдалану .....	4
Ақпаратты табу .....	5
<b>2 HP 3D Фильм технологиясын пайдалану .....</b>	<b>7</b>
3D пайдалану қауіпсіздігі туралы ақпарат .....	7
Стереоскопиялық көру және 3D дегеніміз не .....	9
HP 3D Фильм технологиясы дегеніміз не .....	9
Белсенді модуляторы бар HP 3D көзілдіріктерін пайдалану .....	10
3D көзілдіріктерінің бөліктерін анықтау .....	10
3D көзілдіріктерін қосу және өшіру .....	11
3D Фильм технологиясын пайдалану .....	12
3D пішімдерін түсіну .....	13
HP MediaSmart пайдалану .....	14
3D параметрлерін түсіну .....	15
Жаңарту жиілігін реттеу .....	16
Сол және оң камера түсіретін көріністерді ауыстыру .....	16
2D және 3D режимдерінің арасында ауыстыру .....	17
2D және 3D режимдеріне арналған параметрлер .....	18
3D көзілдіріктеріне күтім көрсету .....	19
Саптамаларды пайдалану .....	19
Батареяны ауыстыру .....	20
3D көзілдіріктерін тазалау .....	21
Көзілдіріктерді қолдану .....	21
Ақаулықтарды жою және жиі сұралатын сұрақтар .....	22
Мен 3D мазмұнын көре алмаймын .....	22
Компьютерімде қандай 3D пішімдеріне қолдау көрсетіледі .....	23



Маған стереоскопиялық 3D ойындарын компьютерімде ойнауға бола ма .....	23
Кинотеатрда 3D пішімінде фильм көру үшін 3D көзілдіріктерін киюге бола ма .....	23
3D көзілдіріктерін рецепт бойынша берілген көзілдіріктердің үстінен киюге бола ма .....	23
3D көзілдіріктерін қалай тазалауға болады .....	23
3D мазмұнын көру кезінде компьютерге қаншалықты жақын отыруға болады .....	23
Мен 3D мазмұнын көру кезінде суреттің жыпылықтауын байқаймын .....	23
Күн сәулелерімен өте жарықтандырылған бөлмеде терезенің қасына отырғанда 3D көзілдіріктерін пайдалануға бола ма .....	24
3D көзілдіріктері үшін қандай батарея түрі керек .....	24

### **3 Компьютермен танысу ..... 25**

Жоғарғы жағы .....	25
Сенсорлы тақта .....	25
Шамдар .....	26
Түймешік .....	27
Пернелер .....	28
Алдыңғы жағы .....	29
Оң жағындағы .....	30
Сол жағындағы .....	31
Дисплей .....	33
Түбіндегі .....	34

### **4 Желіге қосылу ..... 35**

Интернет қызметі провайдері (ISP) .....	36
Сымсыз желіге қосылу .....	37
Бар WLAN желісіне қосылу .....	37
Жаңа WLAN желісін орнату .....	38
Сымсыз жол жоспарлағышын теңшеу .....	39
WLAN желісін қорғау .....	39

### **5 Пернетақта мен меңзегіш құрылғылар ..... 40**

Пернетақтаны пайдалану .....	40
Өрекет пернелерін пайдалану .....	40
Пернелер тіркесімдерін пайдалану .....	42
Пернетақтаны пайдалану .....	43
Кірістірілген сандық пернетақта пайдалану .....	43
Меңзегіш құрылғыларды пайдалану .....	44
Меңзегіш құрылғылардың таңдаулы параметрлерін орнату .....	44
TouchPad құрылғысын пайдалану .....	44
Сенсорлы тақтаны өшіру және қосу .....	45
Шарлау .....	45
Таңдау .....	46

TouchPad іс-қимылдарын пайдалану .....	46
Жылжу .....	47
Қысу/Ұлғайту .....	47
<b>6 Күтім .....</b>	<b>48</b>
Батареяны шығарып алу немесе салу .....	48
Батареяны шығарып алу .....	48
Батареяны салу .....	49
Қатты дискіні ауыстыру немесе жаңарту .....	50
Қатты дискіні шығарып алу .....	50
Қатты дискіні орнату .....	52
Жад модулін қосу немесе ауыстыру .....	53
Күнделікті күтім .....	58
Дисплейді тазалау .....	58
TouchPad панелін және пернетақтаны тазалау .....	58
Бағдарламалар мен драйверлерді жаңарту .....	59
<b>7 Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру .....</b>	<b>60</b>
Қалпына келтіру дискілері .....	60
Жүйені қалпына келтіруді жүзеге асыру .....	61
Қалпына келтіруге арналған бөлімнен қалпына келтіру (тек таңдаулы модельдерде) .....	62
Қалпына келтіру дискілерін пайдалану арқылы қалпына келтіру .....	62
Ақпараттың сақтық көшірмесін жасау .....	62
Windows жүйесінің сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру мүмкіндігін пайдалану .....	64
Жүйені бастапқы қалпына келтіру нүктелерін пайдалану .....	64
Бастапқы қалпына келтіру нүктелерін жасау уақыты .....	64
Жүйені қалпына келтіру нүктесін жасау .....	65
Алдыңғы күнге және уақытқа дейін қалпына келтіру .....	66
<b>8 Тұтынушыларды қолдау .....</b>	<b>67</b>
Тұтынушыларды қолдау қызметіне хабарласу .....	67
Жапсырмалар .....	67
<b>9 Техникалық сипаттамасы .....</b>	<b>69</b>
Тұтынылатын қуат .....	69
Жұмыс ортасы .....	70
<b>Индекс .....</b>	<b>71</b>



# 1 Қош келдіңіз

Төмендегі бөлімдер осы тарауда қамтылған:

- [Қандай келесі қадам](#)
- [Ақпаратты табу](#)

Компьютер орнатылғаннан және тіркелгеннен кейін мына әрекеттерді жүзеге асыру маңызды:


- **Интернетке қосылу**—Сымды немесе сымсыз желіні Интернетке қосылатындай етіп баптау үшін қолданылады. Қосымша ақпарат алу үшін [Желіге қосылу 35-бетте](#) атты бөлімді қараңыз.
- **Вирусқа қарсы бағдарламалық құралды жаңарту**—компьютерді вирустар келтіретін зияннан қорғау үшін қолданылады. Бағдарламалық құрал компьютерде алдын ала орнатылады да, тегін жаңартуларға жазылу шектеулі болады. Қосымша ақпарат алу үшін *HP ноутбугы үшін анықтамалық нұсқаулықты* қараңыз.
- **Компьютермен танысу**—Компьютер мүмкіндіктері туралы ақпарат алу үшін қолданылады. Қосымша ақпаратты [Компьютермен танысу 25-бетте](#) және [Пернетақта мен меңзегіш құрылғылар 40-бетте](#) атты бөлімдерден қараңыз.
- **Қалпына келтіру дискілерін жасау**—Амалдық жүйе мен бағдарламалық құралдарды жүйе тұрақсыздағы немесе ақаулығы жағдайында зауыттық параметрлерге келтіру үшін қолданылады. Нұсқауларды [Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру 60-бетте](#) атты бөлімнен қараңыз.
- **Орнатылған бағдарламалық құралдарды табу**—Компьютерде алдын ала орнатылған бағдарламалық құралдардың тізіміне кіру үшін қолданылады. **Пуск (Бастау) > Все программы** (Барлық бағдарламалар) тармақтарын таңдаңыз. Компьютермен жеткізілетін бағдарламалық құралдарды пайдалану туралы егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін бағдарламалық құралмен қоса немесе өндірушінің веб-торабында қамтамасыз етілуі мүмкін бағдарламалық құралды өндірушінің нұсқауларын қараңыз.

# Қандай келесі қадам

## HP 3D Фильм технологиясы

HP 3D Фильм технологиясы әдеттен тыс, студиялық сапалы, стереоскопиялық 3D ойын-сауық мүмкіндігін береді. Компьютерде қамтылған 3D мүмкіндіктері, сондай-ақ белсенді модуляторы бар HP 3D көзілдіріктері тамаша 3D көру мүмкіндігін береді. Қосымша ақпарат алу үшін [HP 3D Фильм технологиясын пайдалану 7-бетте](#) атты бөлімді қараңыз.

---


 **ЕСКЕРІМ:** 3D Фильм технологиясын және 3D көзілдіріктерін пайдаланбас бұрын 3D пайдалану қауіпсіздік шаралары туралы ақпарат оқып шығыңыз. Егер стереоскопиялық 3D суретін көру кезінде физикалық проблемалар байқасаңыз, дәрігерге барып көріңіз.

---



## Beats Audio

Beats Audio таза дыбысты сақтап, жақсы басқарылатын төменгі жиілікті қамтитын, жақсартылған аудио профайлы болып табылады. Beats Audio әдепкі параметрлер бойынша қосылған.

- ▲ Beats Audio төменгі жиілік параметрлерін азайту немесе ұлғайту үшін **fn+b** пернелерін басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Төменгі жиілік параметрлерін Windows амалдық жүйесі арқылы да көруге немесе басқаруға болады. Төменгі жиілік сипаттарын көру және басқару үшін **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Оборудование и звук (Жабдық және дыбыс) > Панель управления HP Beats Audio (HP Beats Audio басқару тақтасы) > Выравнивание (Теңестіру) пәрмендерін таңдаңыз.**

Төменде берілген кестеде **fn+b** пернелерін басқан кезде көрсетілетін Beats Audio белгішелері сипатталады.

Белгіше	Сипаттама
	Beats Audio қосылғанын көрсетеді.
	Beats Audio ажыратылғанын көрсетеді.

## Stardock

Stardock мына мүмкіндіктерді қамтиды:

- **Stardock MyColors**—Windows жүйесінің әдеттегі жұмыс үстелінің көрінісі мен мүмкіндіктерін түрлендіретін жұмыс үстелінің теңшелетін тақырыбын ұсынады. Жаңа жұмыс үстелі тұтынушы белгішелерін, бейнелеу мәнерлерін (Пуск (Бастау) түймешігі мен тапсырмалар тақтасы) және сәйкес тұсқағазды қамтиды.

Стандартты Windows тақырыбына қайту үшін Stardock MyColors бағдарламасын ашыңыз және стандартты Windows тақырыбын таңдаңыз.

- **Stardock Fences**—жұмыс үстеліндегі белгішелерді реттеуге арналған. Өзгертпелі тақырып қолданылғаннан кейін жұмыс үстеліндегі барлық белгішелер экранның төменгі сол жақ бұрышында үстінде себеті бар тік бағанаға немесе «қоршауға» орналастырылады. Fences өзгерту немесе Fences бағдарламалық құралының анықтамасын қарау үшін **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > Stardock** пәрмендерін таңдаңыз. **Fences** пәрменін таңдап, одан кейін **Fences.Ink** тармағын таңдаңыз.


## ATI Eyefinity көп дисплейлі технологиясы

Компьютер қолдайтын ATI Eyefinity технологиясының мына мүмкіндіктері бар:


- Егер дисплейлердің біреуі компьютердегі Mini DisplayPort ағытпасына жалғанса, үшке дейін сыртқы дисплейді пайдалануға болады.
- Кескінді сыртқы дисплейлердің тобы арқылы бөліп бір үлкен экраннан көрсете отырып жаңа дисплей конфигурациясын ұсынады.

### Бір үлкен экран үшін дисплейлер конфигурациясының мысалы

3 сыртқы дисплей пайдаланып, кескінді бір үлкен экранда көрсету барысында компьютер дисплейі өшірулі болады. 3 сыртқы дисплей компьютерге сыртқы монитор порты (VGA), Mini DisplayPort ағытпасы және HDMI порты арқылы қосылады.

 **ЕСКЕРІМ:** SLS режимін қалыптастыру үшін барлық дисплейлерді бірдей ажыратымдылыққа теңшеу қажет. Түрлі базалық ажыратымдылығы бар дисплейлер базалық емес ажыратымдылықтарды пайдалану арқылы SLS режимін қалыптастыра алады.




 **ЕСКЕРІМ:** Windows 7 жүйесі 2 сыртқы дисплейді ғана қолдайды. Windows 7 жүйесінде 3 сыртқы дисплей параметрлерін реттеу үшін [ATI Catalyst басқару орталығын пайдалану 4-бетте](#) бөлімін қараңыз.

### Экрандық суретті ауыстырып көрсету

Қосылған дисплейлердің санына қарамастан 4 конфигурация таңдауы көрсетілетін тілдесу терезесін ашу үшін [Экрандық суретті ауыстырып көрсету](#) әрекет пернесін басыңыз.

- Компьютер ғана режимі—сыртқы дисплейді өшіріп, кескінді компьютер дисплейінде ғана көрсетеді.
- Қайталама көшірмесі режимі—компьютер дисплейінің көшірмесін компьютердегі сыртқы монитор портына (VGA) қосылған сыртқы дисплейде көрсетеді.
- Кеңейтілген режим—жұмыс үстелін компьютер дисплейімен қатар қосылған барлық сыртқы дисплейлерде көрсетеді.
- Проектор ғана режимі—компьютер дисплейін өшіріп, қосылған барлық сыртқы дисплейлерді кеңейтілген жұмыс үстеліне ауыстырады.


 **ЕСКЕРІМ:** Бейне шығыс және әдепкі шығыс құрылғыларды ATI Catalyst™ басқару орталығы арқылы басқаруға болады.

### ATI Catalyst басқару орталығын пайдалану

Жұмыс үстелдері мен дисплейлерді баптау және ATI Eyefinity құралын басқару үшін ATI Catalyst басқару орталығын пайдалану қажет.

ATI Catalyst басқару орталығына кіру үшін

1. **Пуск** (Бастау) > **Все программы** (Барлық бағдарламалар) > **Центр управления Catalyst** (Catalyst басқару орталығы) тармақтарын таңдаңыз.
2. **Графика** (Сызбалық) көрсеткісін нұқып, одан кейін **Рабочие столы и дисплеи** (Жұмыс үстелдері мен дисплейлер) тармағын таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** ATI Catalyst басқару орталығын пайдалану туралы қосымша ақпарат алу үшін бағдарламалық құралдың анықтамасын қараңыз.

## Ақпаратты табу

Түрлі тапсырмаларды орындауға көмектесетін бірнеше құрал компьютерде орнатылып келеді.

Құралдар	Берілетін ақпарат
<i>Жылдам орнату</i> постері	<ul style="list-style-type: none"><li>• Компьютерді орнату туралы</li><li>• Компьютер бөліктерін анақтауға көмек</li></ul>
<i>HP ноутбугы үшін анықтамалық нұсқаулық</i> Бұл нұсқаулықты пайдалану үшін <b>Пуск</b> (Бастау) > <b>Справка и поддержка</b> (Анықтама және қолдау) > <b>Руководства пользователя</b> (Пайдаланушы нұсқаулықтары) пәрмендерін таңдаңыз.	<ul style="list-style-type: none"><li>• Қуат басқару мүмкіндіктері</li><li>• Батареяның қызмет ету мерзімін ұзарту туралы</li><li>• Компьютердің мультимедиалық мүмкіндіктерін пайдалану туралы</li><li>• Компьютерді қорғау туралы</li><li>• Компьютерге күтім көрсету туралы</li><li>• Бағдарламалық құралдарды жаңарту туралы</li></ul>
<b>Справка и поддержка</b> (Анықтама және қолдау) Анықтама және қолдау орталығына кіру үшін <b>Пуск</b> (Бастау) > <b>Справка и поддержка</b> (Анықтама және қолдау) пәрмендерін таңдаңыз. <b>ЕСКЕРІМ:</b> Ел немесе аймаққа арналған қолдау үшін <a href="http://www.hp.com/support">http://www.hp.com/support</a> веб-торабын ашып, қажетті ел немесе аймақты таңдаңыз да, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.	<ul style="list-style-type: none"><li>• Амалдық жүйе туралы ақпарат</li><li>• Бағдарламалық құрал, драйвер және BIOS жаңартулары</li><li>• Ақаулықтарды жою құралдары</li><li>• Техникалық қолдауға жолығу туралы</li></ul>
<i>Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертпелер</i> Ескертулерді оқу үшін <b>Пуск</b> (Бастау) > <b>Справка и поддержка</b> (Анықтама және қолдау) > <b>Руководства пользователя</b> (Пайдаланушы нұсқаулықтары) пәрмендерін таңдаңыз.	<ul style="list-style-type: none"><li>• Заңдық және қауіпсіздік ақпараты</li><li>• Батареяларды қоқысқа тастау туралы ақпарат</li></ul>
<i>Қауіпсіз және ыңғайлы жұмыс жасау нұсқаулығы</i> Бұл нұсқаулықты пайдалану үшін <b>Пуск</b> (Бастау) > <b>Справка и поддержка</b> (Анықтама және қолдау) > <b>Руководства пользователя</b> (Пайдаланушы нұсқаулықтары) пәрмендерін таңдаңыз.	<ul style="list-style-type: none"><li>• Жұмыс компьютерін дұрыс орнату, дұрыс отыру, денсаулық сақтау және жұмыс жасау салттары</li><li>• Электрикалық және механикалық қауіпсіздік ақпараты</li></ul>
– немесе – <a href="http://www.hp.com/ergo">http://www.hp.com/ergo</a> веб-торабына өтіңіз.	



Құралдар	Берілетін ақпарат
<p><i>Worldwide Telephone Numbers</i> (Дүниежүзілік телефон нөмірлері) кітапшасы</p> <p>Бұл кітапша компьютермен қоса жеткізіледі.</p>	<p>HP компаниясының қолдау қызметінің телефон нөмірлері</p>
<p>HP веб-торабы</p> <p>Бұл веб-торапқа <a href="http://www.hp.com/support">http://www.hp.com/support</a> мекенжайы бойынша өтіңіз.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қолдау қызметі туралы ақпарат</li> <li>• Бөлшектерге тапсырыс беру және қосымша анықтама алу</li> <li>• Бағдарламалық құралдар, драйвер және BIOS (Setup Utility) жаңартулары</li> <li>• Құрылғы үшін қолданылатын керек-жарақтар</li> </ul>
<p><i>Шектеулі кепілдік*</i></p> <p>Бұл кепілдікті пайдалану үшін</p> <p><b>Пуск (Бастау) &gt; Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) &gt; Гарантия (HP Кепілдігі)</b> пәрмендерін таңдаңыз.</p> <p>– немесе –</p> <p><a href="http://www.hp.com/go/orderdocuments">http://www.hp.com/go/orderdocuments</a> веб-торабына өтіңіз.</p>	<p>Кепілдік туралы ақпарат</p>
<p>*Құрылғыға қолданылатын арнайы ұсынылған HP Шектеулі кепілдігін компьютердегі және/немесе қорапта қамтамасыз етілген ықшам дискіде немесе DVD дискісіндегі электрондық нұсқаулықтарда табуға болады. Кейбір елдерде/аймақтарда басылған HP Шектеулі кепілдігі қорапта ұсынылады. Кепілдік басылған пішімде ұсынылмаған елдерде/аймақтарда оның басылған көшірмесін <a href="http://www.hp.com/go/orderdocuments">http://www.hp.com/go/orderdocuments</a> мекенжайы бойынша сұратуға болады немесе мына мекенжайға хат жіберіңіз:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• <b>Солтүстік Америка:</b> Hewlett-Packard, MS POD, 11311 Chinden Blvd, Boise, ID 83714, USA (АҚШ)</li> <li>• <b>Еуропа, Таяу Шығыс, Африка:</b> Hewlett-Packard, POD, Via G. Di Vittorio, 9, 20063, Cernusco s/Naviglio (MI), Italy (Италия)</li> <li>• <b>Азиялық Тыныс Мұхит аймағы:</b> Hewlett-Packard, POD, P.O. Box 200, Alexandra Post Office, Singapore 911507 (Сингапур)</li> </ul> <p>Өнім нөмірі, кепілдік мерзімі (сериялық нөмір жапсырмасынан табуға болады), атыңыз және пошталық мекенжайды қосыңыз.</p>	

---

## 2 HP 3D Фильм технологиясын пайдалану

Төмендегі бөлімдер осы тарауда қамтылған:

- [3D пайдалану қауіпсіздігі туралы ақпарат](#)
- [Стереоскопиялық көру және 3D дегеніміз не](#)
- [HP 3D Фильм технологиясы дегеніміз не](#)
- [Белсенді модуляторы бар HP 3D көзілдіріктерін пайдалану](#)
- [3D Фильм технологиясын пайдалану](#)
- [3D пішімдерін түсіну](#)
- [HP MediaSmart пайдалану](#)
- [3D көзілдіріктеріне күтім көрсету](#)
- [Ақаулықтарды жою және жиі сұралатын сұрақтар](#)

### 3D пайдалану қауіпсіздігі туралы ақпарат

3D көзілдіріктерін және 3D Фильм технологиясын пайдаланбас бұрын төменде берілген барлық қауіпсіздік шараларын мұқият оқып шығыңыз.

△ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** 3D Фильм технологиясы параметрлерін орнатқаннан кейін 3D мазмұнын көре алмасаңыз, HP компаниясы оны пайдалануды тоқтатуға кеңес береді. Егер стереоскопиялық 3D суретін көру кезінде физикалық проблемалар байқасаңыз, дәрігерге барып көріңіз.

Фотосензитивті қояншық ұстауы—Анықталған көру суреттерін, 3D мазмұнында көрсетілуі мүмкін жыпылықтайтын жарық немесе үлгілерді қоса, көретін кейбір адамдардың ұстама немесе басқа асқыну жайттарына ұшырауы мүмкін. Егер сіз немесе туысқандарыңыздың ұстамалары не қояншық ауруы болса, 3D көзілдіріктерін және 3D Фильм технологиясын пайдаланбас бұрын дәрігерге барып көріңіз. Отбасында қояншық ауруы немесе ұстамалары болмағандар да фотосензитивті қояншық ұстауларына әкелуі мүмкін анықталмаған хал-жағдайы болуы мүмкін.

Егер төменде сипатталған белгілердің кез келгені сізде байқалса, 3D мазмұнын көруді бірден тоқтатып, дәрігерге барып көріңіз: **өзгертілген көру қабілеті, жеңіл бас ауруы, бас айналуы, көздің немесе бұлшық ет тырыспалары сияқты еріксіз қимылдар, конвульсиялар, лоқсу, қабылдау сезімінің жоғалуы, ойлауда шатастық, түйілу және/немесе дезориентация.** Ата-аналар олардың балаларын тексеріп, оларда жоғарыда аталған белгілер бар ма, жоқ па сұрауы тиіс. Ересектермен салыстырғанда балалар мен жасөспірімдерде бұл белгілер жиі кездесуі мүмкін.

Егер сіз ұйықтағыңыз келсеңіз, шаршап сезінсеңіз немесе ауырсаңыз, 3D мазмұнын көрмеңіз. 3D мазмұнын 3D көзілдіріктерін киіп ұзақ уақыт көру бас аруына немесе қажып талуға әкелуі мүмкін. Егер басыңыз ауырса не айналса, немесе сіз қажып талсаңыз, 3D көзілдіріктерін пайдалануды тоқтатып, демалыңыз.

Көру сезіміңіз 3D көзілдіріктері арқылы көруге бейімделу үшін өзгеруі мүмкін. 3D көзілдіріктерін шешкеннен кейін әдеттегі әрекеттер орындауға кіріспес бұрын бірнеше минут күтіңіз.

Кейібр 3D мазмұны көрушілерді қатты таң қалдыруы мүмкін. Жүкті әйелдерге, жасы үлкен адамдарға, қояншық ауруына шалдыққандарға және физикалық хал-жағдайы қатты болғандарға компьютердің 3D мүмкіндігін пайдаланбауға кеңес беріледі.

Жас балалардың (әсіресе, 6 жасқа дейінгі балалардың) көру қабілеті дамуда. Жас балаларға 3D бейне суреттерін көруге немесе 3D дейне ойындарын ойнауға рұқсат бермес бұрын дәрігерге (мысалы, балалар дәрігеріне немесе көз дәрігеріне) барып, кеңес сұраңыз. Ата-аналар немесе қамқоршылар балалардың аталмыш ұсыныстарын орындауын қадағалауы тиіс.

Тұншығу қаупі—3D көзілдіріктерінің кішкентай бөліктері бар және олар сәбилер мен кішкентай балалардың ойнауына арналмаған.

3D көзілдіріктерінің линзалары әйнектен жасалған. Линзаларға зақым келтірмеу үшін көзілдіріктер пайдалану кезінде сақ болыңыз және оларды пайдаланбаған кезде дұрыс сақтаңыз. Зақым келтірілген немесе жарық пайда болған линзалары бар көзілдіріктерді пайдаланбаңыз.

3D көзілдіріктері рецепт бойынша ұсынылмайтын оптика, күн сәулелерінен қорғайтын көзілдіріктер немесе қорғаныс көзілдіріктер болып саналмайды. Жеке басқа жарақат келтірмеу үшін көзілдіріктерді әдеттегі көзілдіріктер сияқты пайдаланбаңыз.

## Стереоскопиялық көру және 3D дегеніміз не

Заттарды екі көзіңізбен көрген кезде, іс жүзінде, бір суретке біріктірілген екі суретке қараңыз. Оң көзіңіз бен сол көзіңіз бір бөлек суретті миыңызға жеткізеді және миыңыз бұл екі суретті үш-өлшемді бір суретке біріктіреді.

Өткенде көптеген фильмдерде экранға бір сурет қана көрсетілде, бірақ 3D әсері басқа құралдар көмегімен көрсетіледі. Алайда, белсенді модуляторы бар HP 3D көзілдіріктері 3D көруіне ұқсайтын әрбір көзге түрлі көрініс береді.

3D мазмұнының әрбір кескінінің құрамында екі сурет бар, біреуі оң камера түсіретін және басқасы сол камера түсіретін сурет. Бұл көріністер компьютерде өте жоғары жылдамдықпен өзгеріп көрсетілгенде адамның көздері бұл көріністің өзгеруін байқамайды.


3D көзілдіріктерінің әрбір линзасы модуляторлармен жабдықталған. Оң камера түсіретін сурет экранда көрсетілгенде, 3D көзілдіріктерінің сол жақ линзасы жабылып, оң көзге суретті көруге мүмкіндік береді. Сол камера түсіретін сурет экранға шығарылғанда, аталмыш үрдіс кері ретімен орындалады және сол көз ғана суретті көреді. Өте жылдам өзгеріп көрсетілетін суреттер бір қалыпты кескінді жасап, көруші 3D ортасының ішінде болғандай етіп көрсетеді.

## HP 3D Фильм технологиясы дегеніміз не

3D Фильм технологиясы нақты, иммерсивті фильм мүмкіндігін береді. Компьютерде Blu-ray 3D фильмдерін 3D көзілдіріктері арқылы көрген кезде, әрекет экраннан шыққан көрінеді. 3D мүмкіндігі бірдей жаңа көру мүмкіндігін береді. 3D Фильм технологиясы арқылы әдеттен тыс Blu-ray 3D көрінісін көруге қажет барлық бөліктер сізде бар. Студиялық сапалы 3D графиканы көру үшін қосымша бағдарламалық құрал талап етілмейді.

- жоғары ажыратымдылықты 1080p 3D толық дисплейі
- 3Dтехнологиясы 3D Blu-ray мазмұны үшін арналған және оңтайландырылған
- 3D компьютер дисплейімен сымсыз қадамдастырылатын белсенді модуляторы бар HP 3D көзілдіріктері

---

 **ЕСКЕРІМ:** Таңдаулы компьютер модельдерінде бар 3D мазмұны 3D мүмкіндігін бірден тамашалауды бастауға мүмкіндік береді.

---

Компьютер 2D және 3D пішімдерін қолдайды. Стереоскопиялық 3D мүмкіндігі анықталғанға және 3D көзілдіріктері қосылғанға дейін компьютер стандартты 2D режимінде жұмыс істейді.

---

 **ЕСКЕРІМ:** 3D Фильм технологиясы компьютер дисплейінде ғана жұмыс істейді.

---

## Белсенді модуляторы бар HP 3D көзілдіріктерін пайдалану

3D мүмкіндігі белсенді 3D мазмұнынан және 3D көзілдіріктерінен басталады. 3D көзілдіріктері батареяда жұмыс істейді, олар 3D компьютеріндегі инфрақызыл (IR) сәуле шығарғыштарға сымсыз байланыстырылады.

- ⚠ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** 3D көзілдіріктерін пайдаланбас бұрын 3D қауіпсіздігі туралы ақпаратты оқыңыз.
- 📖 **ЕСКЕРІМ:** 3D оптималды көру үшін сіз бен компьютер дисплейінің арасында шамамен **1,5 метрден** (5 фут) аспайтын арақашықтық болғаны жөн. Көру бұрышына байланысты, дисплейден болған жұмыс арақашықтығы әртүрлі болуы мүмкін. Инфрақызыл сәуле шығарғыштар айналасындағы аймақтарды тез арада кедергілерден тазалаңыз. Инфрақызыл сәуле шығарғыштарды орналастыру туралы ақпарат алу үшін [Компьютермен танысу 25-бетте](#) бөлімін қараңыз.

### 3D көзілдіріктерінің бөліктерін анықтау



#### Бөліктер

- (1) Батарея бөлімі

**ЕСКЕРІМ:** Батарея көзілдірік батареясы бөліміне алдын ала орнатылып келеді. Көзілдірік батареясын белсендіру үшін қорғаныс кесіндісін батарея бөлімінен алу қажетіңіз болуы мүмкін.

- (2) Саптамалар (3)

**ЕСКЕРІМ:** Өлшемі түрлі 3 саптама бар. Саптамалардың біреуі көзілдіріктерге алдын ала орнатылып келеді және басқа екі қосымша саптама көзілдіріктермен бірге жеткізіледі.


## 3D көзілдіріктерін қосу және өшіру

3D көзілдіріктерін пайдалану оңай:

- 3D көзілдіріктері автоматты түрде қосылады және өшіріледі. Қосу немесе өшіру қосқышы жоқ.
- 3D мазмұны ойнатыла бастаған кезде, көзілдіріктер компьютерден шығатын инфрақызыл сигналды анықтап, автоматты қосылады.
- 3D мазмұны ойнатыла бастағаннан кейін линзалар қарайып кетуі мүмкін, көзілдіріктер қосылғанда кескін жыпылықтауы мүмкін.
- Көзілдіріктерге орнатылған батарея шамамен 180 сағаттық 3D көруін тамашалауға мүмкіндік береді. Батарея қуатын сақтау үшін, егер 5 секунд ішінде инфрақызыл сигнал анықталмаса, көзілдіріктер күту күйіне өтеді.


## 3D Фильм технологиясын пайдалану

3D компьютерінің параметрлері орнатылғаннан кейін 3D мазмұнын дұрыс көре алатындығыңызды тексеруге болады.

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютердің 3D мазмұнын көру кезінде айнымалы қуат көзіне жалғандығына көз жеткізіңіз.


**ЕСКЕРІМ:** 3D оптималды көру үшін, экран жарықтығын басқару элементтері 3D мазмұнын көру кезінде жұмыс істемейді.


1. Компьютер моделіне байланысты, 3D мазмұнына кіру үшін мына әдістердің біреуін пайдаланыңыз:
  - Компьютердің жұмыс үстеліндегі 3D показ (3D көрсетілімі) белгішесін (тек таңдаулы үлгілерде) екі рет басып, мәзірден 3D клипін таңдаңыз.
  - Blu-ray 3D фильмін (бөлек сатылады) дискілер салынатын ұясы бар компьютердің оптикалық диск жетегіне салып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Дискіні ол орнына орнатылғанша оптикалық диск жетегіне салыңыз. Дискіні шығару үшін пернетақтаның үстіңгі оң жағында орналасқан оптикалық дискіні шығару пернесін басыңыз.

2. 3D көзілдірігін киіңіз. Егер қажет болса, жеткізілетін саптамаларды пайдалану арқылы көзілдіріктерді реттеңіз.
3. 3D көзілдіріктері 3D мазмұны ойнатыла бастағаннан және инфрақызыл сигнал анықталғаннан кейін автоматты қосылады. Көзілдіріктер қосылғаннан кейін линзалар қарайып кетуі мүмкін немесе кескіннің жыпылықтауы мүмкін.

Егер 3D режимінде нақты сурет көрсетілсе, бұл параметрлерді орнату үрдісінің аяқталғанын және 3D фильм мазмұнын көруге дайын екеніңізді білдіреді!

 **ЕСКЕРІМ:** Егер көзілдіріктер қосылғаннан кейін кескіннің жыпылықтауы жалғасса, стереоскопиялық көруді оңтайландыру үшін жаңарту жиілігін реттеуге қажетіңіз болуы мүмкін. [Жаңарту жиілігін реттеу 16-бетте](#) бөлімін қараңыз.


 **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Егер сіз 3D мазмұнын көре алмасаңыз, 3D көзілдіріктерін шешіп, 3D Фильм технологиясын пайдалануды тоқтатыңыз. Егер стереоскопиялық 3D режимінде көру кезінде физикалық проблеманы сезінсеңіз, 3D қауіпсіздігі туралы ақпарат бөлімін қараңыз және дәрігерге барып көріңіз.

## 3D пішімдерін түсіну

Мына 3D пішімдері компьютерде жұмыс істейді:

- Blu-ray 3D фильмдері
- 3D MPEG 4 MVC файлдары

---

 **ЕСКЕРІМ:** 3D MPEG 4 MVC файлдарын ойнату үшін оларды мына орынға орналастыруыңыз қажет: C:\user\public\Public Videos\HP 3D demo videos

---


 **ЕСКЕРІМ:** 3D ойнату функциясы тек толық экранды режимде жұмыс істейді.

---



# HP MediaSmart пайдалану

Сіз MediaSmart бағдарламасын ашқанда, басқару тақтасында мына элементтер көрсетіледі.

 **ЕСКЕРІМ:** Терезе кішірейтілген кезде кейбір басқару элементтері көрінбеуі мүмкін.



Бөліктер	Сипаттама
(1) Параметрлерді басқару	DVD және BD таңдаулы параметрлерін таңдап, параметрлерді реттеңіз.
(2) Ойнатуды басқару элементтері	Басқару элементтерін көрсету үшін компьютердің тінтуір көрсеткісін жылжытыңыз. <b>ЕСКЕРІМ:</b> Басқару элементтерінің көрінісі мен жұмысы ойнатылатын DVD немесе BD түріне байланысты болады. Егер терезе кішірейтілген болса, басқару элементтерінің бәрі көрінбеуі мүмкін. <ul style="list-style-type: none"><li>• <b>Шығару:</b> Дискіні шығару үшін басыңыз.</li><li>• <b>Жоғарғы деңгей мәзірі:</b> DVD жоғарғы деңгей мәзірін көрсету үшін басыңыз.</li><li>• <b>Таңбалауыш:</b> Түймешікті басып, одан кейін бетбелгінің атын беру үшін атын енгізіңіз.</li><li>• <b>Алдыңғы/кері айналдыру:</b> Алдыңғы жолшыққа немесе тарауға қайту үшін басыңыз. Егер алдыңғы тарау болмаса, мәзір беті көрсетіледі. 4 есе жылдамырақ кері айналдыру үшін түймешікті басып ұстап тұрыңыз.</li><li>• <b>Ойнату/Тоқтата тұру:</b> Таңдалған медианы ойнату немесе тоқтата тұру үшін басыңыз.</li><li>• <b>Келесі/Алға айналдыру:</b> Келесі жолшыққа немесе тарауға өту үшін басыңыз. Егер келесі тарау болмаса, келесі бөлім көрсетіледі. 4 есе жылдамырақ алға айналдыру үшін түймешікті басып ұстап тұрыңыз.</li><li>• <b>2D/3D:</b> 2D және 3D режимдерінің арасында ауыстыру үшін басыңыз. <b>ЕСКЕРІМ:</b> Бұл түймешік тек 3D фильмі ойнатылып отырғанда көрсетіледі.</li><li>• <b>3D көрсетілімі:</b> 3D клипін алдын ала қарау үшін басыңыз.</li></ul>

## 3D параметрлерін түсіну

3D пішімінде ойнату кезінде жақсартылған стереоскопиялық 3D пішімінде көруге арналған 3D конфигурациясының мына параметрлерін қолмен реттей аласыз.



**ЕСКЕРІМ:** Колданылатын DVD параметрлері ойнатылып отырған DVD немесе BD түріне байланысты болады.

---

- Экранды жаңарту жиілігі—Экранды жаңарту жиілігін 96 Гц немесе 120 Гц-ке дейін реттеу үшін қолданылады.
- 3D суретін реттеу—Егер 3D пішімінде көрсетілетін суреттер дұрыс көрсетілмесе, сол камера түсіретін кадр мен оң камера түсіретін кадрды ауыстыру үшін қолданылады.
- 2D/3D пішімінде фильм ойнату—2D және 3D пішімдерін ауыстыру кезінде фильмнің ойнатылуын жалғастыруды немесе қайта бастауды таңдау үшін қолданылады.

## Жаңарту жиілігін реттеу

3D мазмұнын көру кезінде жақсы нәтижеге жету үшін жаңарту жиілігін қолмен реттеуге қажетіңіз болуы мүмкін.

1. MediaSmart басқару тақтасының төменгі жағында орналасқан **Параметры** (Параметрлер) белгішесін басыңыз.

Параметрлер терезесі ашылады.

2. **Дополнительно** (Қосымша) қойыншасын нұқыңыз.
3. **Частота обновления экрана** (Экран жаңарту жиілігі) ашылмалы мәзірінен басқа экран жаңарту жиілігін таңдаңыз.
4. **Применить** (Қолдану) түймешігін басыңыз.

## Сол және оң камера түсіретін көріністерді ауыстыру

Егер 3D пішімінде көрсетілетін кескін немесе тереңдік дұрыс көрсетілмесе, 3D мазмұнын дұрыс көру үшін сол және оң камера түсіретін көріністерді ауыстыруға қажетіңіз болуы мүмкін.

Сол және оң камера түсіретін көріністерді ауыстыру үшін

1. MediaSmart басқару тақтасының төменгі жағында орналасқан **Параметры** (Параметрлер) белгішесін басыңыз.

Параметрлер терезесі ашылады.

2. **Дополнительно** (Қосымша) қойыншасын нұқыңыз.
3. **Поменять местами кадры левой и правой камер** (Сол және оң камера көріністерінің орындарын ауыстыру) құсбелгісін қойыңыз.
4. **Применить** (Қолдану) түймешігін басыңыз.


## 2D және 3D режимдерінің арасында ауыстыру

Компьютер 2D және 3D пішімдерінің екеуін қолдайды. Егер фильмді 3D пішімінде қарасаңыз, 2D 3D пішіміне кез келген уақытта ауыстыруға болады.

3D пішімінен 2D пішіміне ауыстыру үшін

1. MediaSmart басқару тақтасындағы **2D/3D** түймешігін басыңыз. Дисплейдегі сурет 2D мазмұны ретінде көрсетіледі.
2. 3D көзілдіріктерін шешіңіз.

---

 **ЕСКЕРІМ:** 3D пішіміне қайта ауыстыру үшін **2D/3D** түймешігін басыңыз да, 3D көзілдіріктерін киіңіз.

---

## 2D және 3D режимдеріне арналған параметрлер

3D дискілері тек 3D мазмұнын немесе 2D және 3D мазмұндарының екеуін қамтиды. Ойнатылатын 3D дискісінің түріне байланысты, дискіде бар мәзірлердің бәрін көру үшін MediaSmart DVD параметрлерін реттеуге қажетіңіз болуы мүмкін.

Мына параметрлерден таңдауға болады:

- **Продолжить воспроизведение фильма при переключении 2D и 3D режимов** (2D және 3D пішімдерінің арасында ауыстыру кезінде фильмнің ойнатылуын жалғастыру) (зауыттық әдепкі параметр)—Бұл параметр 2D және 3D пішімдерінің арасында ауыстыру кезінде фильмнің үздіксіз ойнатылуын қамтамасыз етеді. Бұл параметр тек 3D BD-J интерактивті мазмұнын қолдайды. Егер сізде 2D және 3D мазмұндарының екеуі болса, бұл параметрде 2D негізгі мәзірінің мазмұнын көре алмайсыз.
- **Возобновить воспроизведение фильма при переключении 2D и 3D режимов** (2D және 3D пішімдерінің арасында ауыстыру кезінде фильмнің ойнатылуын қайта бастау)—Бұл параметр фильмнің ойнатылуын тоқтатып, негізгі мәзірге қайтады. Дискідегі 2D және 3D мазмұндарының екеуін көре аласыз.


2D/3D ауыстыру параметрлерін өзгерту үшін

1. MediaSmart басқару тақтасының төменгі жағында орналасқан **Параметры** (Параметрлер) белгішесін басыңыз.  
Параметрлер терезесі ашылады.
2. **Дополнительно** (Қосымша) қойыншасын нұқыңыз.
3. **Продолжить воспроизведение фильма при переключении 2D и 3D режимов** (2D және 3D пішімдерінің арасында ауыстыру кезінде фильмнің ойнатылуын жалғастыру) немесе **Возобновить воспроизведение фильма при переключении 2D и 3D режимов** (2D және 3D пішімдерінің арасында ауыстыру кезінде фильмнің ойнатылуын қайта бастау) параметрін таңдаңыз.
4. **Применить** (Қолдану) түймешігін басыңыз.


## 3D көзілдіріктеріне күтім көрсету

### Саптамаларды пайдалану

3D көзілдіріктері өлшемі түрлі 3 саптамамен жеткізіледі. Саптамалардың біреуі зауытта орнатылады және басқа екі қосымша саптама көзілдіріктермен бірге жеткізіледі. Көзілдіріктерді киіп көріңіз және, егер қажет болса, дұрыс өлшемді саптаманы таңдау үшін оларды ауыстырыңыз. Егер қажет болса, саптамасыз көзілдіріктерді киюге болады.

 **ЕСКЕРІМ:** 3D көзілдіріктері стандартты рецепт бойынша берілетін көзілдіріктерге ұқсас жасалады.

- ▲ Саптаманы қосу үшін саптаманы көзілдіріктерге енгізіңіз. Саптаманы алу үшін саптаманы көзілдіріктерден тартып алыңыз.




## Батарейаны ауыстыру


3D көзілдіріктеріндегі батарея батарея бөліміне алдын ала орнатылып келеді және ол шамамен 180 сағаттық 3D көруін тамашалауға мүмкіндік береді. HP компаниясы батареяны жылына бір рет ауыстыруға кеңес береді. Көзілдіріктерді бір жыл ішінде күту күйінде сақтауға болады. 3D көзілдіріктерінде жалпы CR2032 типті батарея қолданылады. Бұл батареяларды ауыстыру оңай және оларды батареялар сатылатын орындардан сатып алуға болады.

Батарейаны ауыстыру үшін

1. Батарейа бөлімінің қақпағын (1) төмен жылжытып, қолданылған батареяны (2) алып тастаңыз.



2. Жаңа батареяны (1) оң (+) жағын батарея бөлімінің қақпағына қаратып енгізіңіз, одан кейін батарея бөлімінің қақпағын (2) орнына орналастырыңыз.



## 3D көзілдіріктерін тазалау

Дақтар мен талшықтарды жою үшін 3D көзілдіріктерін жұмсақ, сулы, түксіз матамен жүйелі түрде тазалаңыз. Матаны 10 пайыздан аспайтын спирті бар жеңіл тазалағыш заттарға сулауға болады.

---

△ **ЕСКЕРТУ:** 3D көзілдіріктеріне қатты зақым келтірмеу үшін

Қағаздан жасалған орамалдар линзаларға сызат келтіргендіктен оларды пайдаланбаңыз.

Тазалағыш сұйықтықтар мен химиялық заттарды линзаларға тікелей шашыратпаңыз.

Құрамында аммиак бар тазалағыш заттарды пайдаланбаңыз.

---

## Көзілдіріктерді қолдану

3D көзілдіріктері берік, бірақ қол күшіне сезімтал, оларды қолдану кезінде мұқият болу қажет. Саусақтар іздерін линзаларға қалдырмау үшін 3D көзілдіріктерін олардың жақтауынан ұстаңыз. 3D көзілдіріктерін пайдаланбаған кезде оларды қорғаныс сөмкеде сақтаңыз.

---

△ **ЕСКЕРТУ:** Линзаларға сызат келтірмеу үшін 3D көзілдіріктерін ешқашан майыстырмаңыз немесе бүкпеңіз.

---




# Ақаулықтарды жою және жиі сұралатын сұрақтар

## Мен 3D мазмұнын көре алмаймын

Егер сіз 3D режимінде көргенде D мазмұнын көре алмасаңыз, HP компаниясы сізге 3D көзілдіріктерін пайдаланбауға кеңес береді. Төменде сипатталған және [3D пайдалану қауіпсіздігі туралы ақпарат 7-бетте](#) бөлімінде берілген ақпаратты оқыңыз. Егер стереоскопиялық 3D суретін көру кезінде физикалық проблемалар байқасаңыз, дәрігерге барып көріңіз.

- 3D мазмұнын 2D режимінде көруге тырысып отыруыңыз мүмкін.
- 3D көзілдіріктерінің батареясын ауыстыруға қажетіңіз болуы мүмкін. Қосымша ақпаратты [Батареяны ауыстыру 20-бетте](#) бөлімінен қараңыз.
- Компьютер дисплейіндегі инфрақызыл сәуле шығарғыштарға бөгет болуы мүмкін. Жақсы таратылым үшін инфрақызыл сәуле шығарғыштардың айналасындағы аймақтарды тез арада кедергілерден тазалаңыз. Инфрақызыл сәуле шығарғыштарды орналастыру туралы ақпарат алу үшін [Компьютермен танысу 25-бетте](#) бөлімін қараңыз.
- Сіз компьютер дисплейінен тым алыс отыруыңыз мүмкін. 3D мазмұнын көру кезінде сіз бен компьютер дисплейінің арасында шамамен **1,5 метрден** (5 фут) аспайтын арақашықтық болғаны жөн.

---

 **ЕСКЕРІМ:** Көру бұрышына байланысты, дисплейден болған жұмыс арақашықтығы әртүрлі болуы мүмкін.

---

## Компьютерімде қандай 3D пішімдеріне қолдау көрсетіледі

Мына 3D пішімдеріне компьютерде қолдау көрсетіледі:

- Blu-ray 3D фильмдері
- 3D MPEG 4 MVC файлдары

Қосымша ақпаратты [HP MediaSmart пайдалану 14-бетте](#) бөлімінен қараңыз.

## Маған стереоскопиялық 3D ойындарын компьютерімде ойнауға бола ма

Стереоскопиялық 3D ойындарын көру үшін қосымша бағдарламалық құралды сатып алуға қажетіңіз болуы мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін ойын бағдарламалық құралын өндірушімен хабарласыңыз.

## Кинотеатрда 3D пішімінде фильм көру үшін 3D көзілдіріктерін киюге бола ма

3D көзілдіріктері HP ENVY<sup>17</sup> 3D компьютерінде және кірістірілген инфрақызыл сәуле шығарғыштарда жұмыс жасау үшін оңтайландырылған. 3D көзілдіріктерінің кез келген басқа 3D ортасында оптималды жұмыс істеуіне кепілдік жоқ.

## 3D көзілдіріктерін рецепт бойынша берілген көзілдіріктердің үстінен киюге бола ма

Иә. 3D көзілдіріктері рецепт бойынша берілетін көзілдіріктерге ұқсас жасалады. Егер сіз компьютер экранына қарау кезінде көзілдіріктерді әдеттен пайдалансаңыз, оларды киіп, олардың үстіне 3D көзілдіріктерін киіңіз. Ауыстыратын қосымша саптамаларды оларды дұрыс орналастыру үшін пайдалануға болады. Қосымша ақпаратты [Белсенді модуляторы бар HP 3D көзілдіріктерін пайдалану 10-бетте](#) бөлімінен қараңыз.

## 3D көзілдіріктерін қалай тазалауға болады

3D көзілдіріктерін тазалау үшін жұмсақ, сулы, түксіз матаны пайдаланыңыз. Қосымша ақпаратты [3D көзілдіріктеріне күтім көрсету 19-бетте](#) бөлімінен қараңыз.

## 3D мазмұнын көру кезінде компьютерге қаншалықты жақын отыруға болады

Инфрақызыл сәуле шығарғыштардың жұмыс істеу аймағы аймағы шамамен **1,5 метрді** (5 фут) құрайды.

## Мен 3D мазмұнын көру кезінде суреттің жыпылықтауын байқаймын

3D көзілдіріктеріндегі суреттің жыпылықтауына мына себеп болуы мүмкін:

- 3D Фильм технологиясы және белмені жарықтандыру жұмыс жасайтын жиіліктердің әртүрлі болуы. Жыпылықтаудың бұл түрін болдырмау үшін жарықты өшіріңіз немесе стереоскопиялық 3D пішімінде экранды жаңарту жиілігін өзгертіңіз.
- Көзілдіріктердегі батарея заряды төмен. Батареяны ауыстыруыңыз тиіс.

## Күн сәулелерімен өте жарықтандырылған бөлмеде терезенің қасына отырғанда 3D көзілдіріктерін пайдалануға бола ма

Стереоскопиялық 3D әсері қараңғы бөлмеде тиімді жұмыс істейді.

## 3D көзілдіріктері үшін қандай батарея түрі керек

3D көзілдіріктерінде жалпы CR2032 типті батарея қолданылады. Бұл батареяларды ауыстыру оңай және оларды батареялар сатылатын орындардан сатып алуға болады. Қосымша ақпаратты [Батареяны ауыстыру 20-бетте](#) бөлімінен қараңыз.


## 3 Компьютермен танысу


Төмендегі бөлімдер осы тарауда қамтылған:

- [Жоғарғы жағы](#)
- [Алдыңғы жағы](#)
- [Оң жағындағы](#)
- [Сол жағындағы](#)
- [Дисплей](#)
- [Түбіндегі](#)

### Жоғарғы жағы


#### Сенсорлы тақта





Бөлік	Сипаттама
(1)  Сенсорлы тақта шамы	Сенсорлы тақтаны қосады және өшіреді. Сенсорлы тақтаны қосу және өшіру үшін сенсорлы тақтаның шамын екі рет түртіңіз.

Бөлік	Сипаттама
(2) Серсорлы тақтаның сол жақ түймешігі	Функциялар сыртқы тінтуірдің сол жақ түймешігінің функцияларына ұқсайды.
(3) Серсорлы тақтаның оң жақ түймешігі	Функциялар сыртқы тінтуірдің оң жақ түймешігінің функцияларына ұқсайды.
(4) Серсорлы тақта аймағы	Меңзерді жылжытады және экрандағы элементтерді таңдайды немесе белсендіреді.


## Шамдар




Бөлік	Сипаттама
(1)  Сенсорлы тақта шамы	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сары: Сенсорлы тақта өшірулі.</li> <li>• Өшірулі: Сенсорлы тақта қосулы.</li> </ul>
(2) Caps lock шамы	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ақ: Caps lock қосулы.</li> <li>• Өшірулі: Caps lock өшірулі.</li> </ul>
(3)  Қуат шамы	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ақ: Компьютер қосулы.</li> <li>• Ақ түсте жыпылықтау: Компьютер ұйқы күйінде.</li> <li>• Өшірулі: Компьютер өшірулі немесе күту күйінде.</li> </ul>
(4)  Дыбыс өшіру шамы	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сары: Компьютер дыбысы өшірулі.</li> <li>• Өшірулі: Компьютер дыбысы қосулы.</li> </ul>
(5)  Сымсыз байланыс шамы	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ақ: Сымсыз жергілікті желі (WLAN) құрылғысы сияқты кірістірілген сымсыз құрылғы қосулы.</li> </ul> <p><b>ЕСКЕРІМ:</b> Сымсыз құрылғылар зауытта іске қосылады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Сары: Сымсыз құрылғылар өшірулі.</li> </ul>



## Түймешік



Бөлік	Сипаттама
	<p data-bbox="549 825 695 846">Қуат түймешігі</p> <ul data-bbox="1018 825 1449 1213" style="list-style-type: none"><li data-bbox="1018 825 1449 898">• Компьютер өшірулі болғанда, компьютерді қосу үшін түймешікті басыңыз.</li><li data-bbox="1018 930 1449 1003">• Компьютер қосұлы болғанда, ұйқы күйін қосу үшін түймешікті аз уақыт басыңыз.</li><li data-bbox="1018 1035 1449 1108">• Компьютер ұйқы күйінде болғанда, ұйқы күйінен шығу үшін түймешікті аз уақыт басыңыз.</li><li data-bbox="1018 1140 1449 1213">• Компьютер күту күйінде болған кезде, күту күйінен шығу үшін түймешікті аз уақыт басыңыз.</li></ul> <p data-bbox="1018 1245 1449 1371">Компьютер жауап беруді тоқтатса және Windows® жүйесінің өшіру процедуралары тиімсіз болса, компьютерді өшіру үшін қуат түймешігін басып, кем дегенде 5 секунд ұстап тұрыңыз.</p> <p data-bbox="1018 1402 1449 1629">Қуат параметрлері туралы толық ақпарат алу үшін, <b>Пуск</b> (Бастау) &gt; <b>Панель управления</b> (Басқару тақтасы) &gt; <b>Система и безопасность</b> (Жүйе және қауіпсіздік) &gt; <b>Параметры электропитания</b> (Қуат параметрлері) тармақтарын таңдаңыз немесе <i>Справочное руководство ноутбука HP</i> (HP ноутбугы үшін анықтамалық нұсқаулықты) қараңыз.</p>



## Пернелер



Бөлік	Сипаттама
(1) <code>esc</code> пернесі	<code>fn</code> пернесімен бірге басылған кезде жүйе ақпараты көрсетіледі.
(2) <code>fn</code> пернесі	<code>b</code> немесе <code>esc</code> пернесімен бірге басылған кезде жиі қолданылатын жүйелік функцияларды орындайды.
(3)  Windows логотипті перне	Windows жүйесінің Пуск (Бастау) мәзірін көрсетеді.
(4) Әрекет пернелері	Жиі қолданылатын жүйелік функцияларды орындайды.
(5)  Windows қолданбалар пернесі	Меңзердің астындағы элементтер үшін төте мәзірін көрсетеді.
(6) Кірістірілген сандық пернетақта	Оны сыртқы сандық пернетақта сияқты пайдалануға болады.
(7)  Оптикалық диск жетегін шығару пернесі	Оптикалық дискіні оптикалық диск жетегінен шығарыңыз.

## Алдыңғы жағы






Бөлік	Сипаттама
(1)  Қуат шамы	<ul style="list-style-type: none"><li>• Ақ: Компьютер қосулы.</li><li>• Ақ түсте жыпылықтау: Компьютер ұйқы күйінде.</li><li>• Өшірулі: Компьютер өшірулі немесе күту күйінде.</li></ul>
(2)  Диск шамы	<ul style="list-style-type: none"><li>• Ақ түсте жыпылықтау: Қатты диск ашылуда.</li><li>• Сары: HP ProtectSmart қатты диск қорғанысы қатты дискіні уақытша бастапқы қалпына келтіреді.</li></ul> <p><b>ЕСКЕРІМ:</b> HP ProtectSmart қатты диск қорғанысы туралы ақпаратты алу үшін <i>Справочное руководство ноутбука HP</i> (HP ноутбугы үшін анықтамалық нұсқаулықты) қараңыз.</p>
(3) Үндеткіштер (2)	Дыбыс шығарады.









## Оң жағындағы





Бөлік	Сипаттама
(1)  USB порттары (2)	Қосымша USB құрылғыларын қосады.
(2) Сандық медиа ұясы	Келесі сандық карталар пішімдерін қолдайды: <ul style="list-style-type: none"><li>• Жад картасы</li><li>• Memory Stick Pro жад картасы</li><li>• MultiMediaCard</li><li>• Қауіпсіз сандық (SD) жад картасы</li><li>• Сыйымдылығы жоғары қауіпсіз сандық жад картасы</li><li>• xD-Сурет картасы</li></ul>
(3) Оптикалық диск жетегі	Оптикалық дискіні оқиды және жазады. <b>ЕСКЕРТУ:</b> Оптикалық диск жетегіне 8 см-лік оптикалық дискілерді салмаңыз. Бұл компьютердің зақымдануына әкелуі мүмкін.
(4) Батарея шамы	<ul style="list-style-type: none"><li>• Өшірулі: Компьютер батареяда жұмыс істеуде.</li><li>• Сары түсте жыпылықтау: Батарея төмен заряд деңгейіне, өте төмен заряд деңгейіне жетті немесе батарея жұмысында ақуалық анықталды.</li><li>• Сары: Батарея зарядталуда.</li><li>• Ақ: Компьютер сыртқы қуат көзіне қосылған және батарея толық зарядталған.</li></ul>
(5)  Қуат қосқышы	Айнымалы ток адаптеріне қосылады.
(6)  Қауіпсіздік кабелінің ұясы	Оптикалық қауіпсіздік кабелін компьютерге тіркейді. <b>ЕСКЕРІМ:</b> Қауіпсіздік кабелі қауіпсіздік ретінде әрекет ету үшін жасалған, бірақ ол компьютерге күтімсіз қарау немесе оны ұрланудан қорғамайды.


## Сол жағындағы



Бөлік		Сипаттама
(1)	Ауа өткізгіш саңылаулар	Ішкі бөліктерді салқындату үшін ауа ағынын қосады.  <b>ЕСКЕРІМ:</b> Компьютер желдеткіші ішкі бөліктерді салқындату үшін және қызып кетуден қорғау үшін автоматты түрде қосылады. Жұмыс істеу барысында ішкі желдеткіш қосылады да, өшіріледі. Бұл қалыпты құбылыс.
(2)	 Сыртқы монитор порты	Сыртқы VGA монитормы немесе проекторды қосады.
(3)	 RJ-45 (желі) ұясы	Желілік кабелді қосады.
(4)	 Шағын дисплей порты	Өнімділігі жоғары монитор немесе проектор сияқты қосымша сандық дисплейді жалғауға арналған.
(5)	 HDMI порты	Ажыратымдылығы жоғары теледидар немесе кез келген сыйысымды сандық не аудио компоненті сияқты қосымша бейне немесе дыбыс құрылғыларын қосады.
(6)	 eSATA/USB порты	eSATA сыртқы қатты дискісі сияқты өнімділігі жоғары eSATA компонентін немесе қосымша USB 2.0 құрылғысын жалғауға арналған.
(7)	 SuperSpeed USB порты	Қосымша USB 3.0 құрылғысын жалғауға арналған және USB арқылы қосылатын жақсартылған қуат өнімділігімен қамтамасыз етеді.  <b>ЕСКЕРІМ:</b> Сонымен қатар, SuperSpeed USB порты USB 1.0 және 2.0 құрылғыларымен сыйысымды.

Бөлік	Сипаттама
<p>(8)  Аудио шығыс (құлаққап) ұясы/Аудио кіріс (микрофон) ұясы</p>	<p>Қосымша токқа қосылатын стерео үндеткіштерге, құлаққаптарға, тығын тәріздес құлақаспаптарға, гарнитураға не теледидар дыбысы ұясына қосылған кезде дыбыс шығарады. Сонымен қатар, қосымша гарнитура микрофонын қосады.</p> <p><b>АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!</b> Жеке басқа зақым келтіру қаупін азайту үшін, құлаққаптарды, тығын тәріздес құлаққаптарды, гарнитураны киместен бұрын дыбысты лайықтаңыз. Қосымша қауіпсіздік ақпаратын <i>Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертулер</i> бөлімінен қараңыз.</p> <p><b>ЕСКЕРІМ:</b> Құрылғы ұяға қосылған кезде, компьютер үндеткіштері ажыратылады.</p>
<p>(9)  Аудио шығыс (құлаққап) ұясы</p>	<p>Қосымша токқа қосылатын стерео үндеткіштерге, құлаққаптарға, тығын тәріздес құлақаспаптарға, гарнитураға не теледидар дыбысы ұясына қосылған кезде дыбыс шығарады.</p> <p><b>АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!</b> Жеке басқа зақым келтіру қаупін азайту үшін, құлаққаптарды, тығын тәріздес құлаққаптарды, гарнитураны киместен бұрын дыбысты лайықтаңыз. Қосымша қауіпсіздік ақпаратын <i>Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертулер</i> бөлімінен қараңыз.</p> <p><b>ЕСКЕРІМ:</b> Құрылғы ұяға қосылған кезде, компьютер үндеткіштері ажыратылады.</p>


## Дисплей



Бөлік	Сипаттама
(1) WLAN антенналары (2)*	Сымсыз жергілікті желілермен (WLAN) байланыста болу үшін сымсыз байланыс сигналдарын жібереді және қабылдайды.
(2) Инфрақызыл сәуле шығарғыштар*	3D көзілдіріктері мен компьютер дисплейін сымсыз қадамдастырады.
(3) Ішкі микрофондар (2)	Дыбысты жазады.
(4) Веб-камера шамы	Қосулы: Веб-камера қолданыста.
(5) Веб-камера	Бейнені жазады және суреттерді түсіреді.  Веб-камераны пайдалану үшін <b>Пуск (Бастау) &gt; Все программы (Барлық бағдарламалар) &gt; HP &gt; HP MediaSmart &gt; Веб-камера HP MediaSmart</b> (HP MediaSmart веб-камерасы) пәрмендерін таңдаңыз.
(6) Ішкі дисплей қосқышы	Дисплейді өшіреді және егер дисплей қуат қосулы кезде жабылған болса, ұйқы күйін қосады.  <b>ЕСКЕРІМ:</b> Ішкі дисплей қосқышы компьютердің сыртынан көрінбейді.

\*Бұл антенналар және инфрақызыл сәуле шығарғыштар компьютердің сыртынан көрінбейді. Жақсы таратылым үшін антенналар және инфрақызыл сәуле шығарғыштардың айналасындағы аймақтарды тез арада кедергілерден тазалаңыз. Сымсыз байланыс ережелері туралы ескертпелерді көру үшін, мемлекетіңізде немесе аймағыңызда қолданылатын *Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертпелер* бөлімін қараңыз. Бұл ескертпелер анықтама және қолдау орталығында орналасқан.

## Түбіндегі



Бөлік	Сипаттама
(1) Сабвуфер	Сабвуфер үндеткішін қамтиды.
(2) Батарея ұясы	Батареяны ұстайды. <b>ЕСКЕРІМ:</b> Батарея зауытта батарея ұясына орнатылады.
(3) Ауа өткізгіш саңылаулар (7)	Ішкі бөліктерді салқындату үшін ауа ағынын қамтамасыз етеді. <b>ЕСКЕРІМ:</b> Компьютер желдеткіші ішкі бөліктерді салқындату үшін және қызып кетуден қорғау үшін автоматты түрде қосылады. Жұмыс істеу барысында ішкі желдеткіш қосылады да, өшіріледі. Бұл қалыпты құбылыс.
(4)  Қатты диск ұясы	Қатты дискіні ұстайды.
(5)  Жад модулі бөлімі	Жад модульдерін ұстайды.
(6)  Батареяны шығару ысырмасы	Батареяны батарея ұясынан шығарады.


---

## 4 Желіге қосылу

Төмендегі бөлімдер осы тарауда қамтылған:

- [Интернет қызметі провайдері \(ISP\)](#)
- [Сымсыз желіге қосылу](#)

---

 **ЕСКЕРІМ:** Интернетке қосылуға арналған жабдық пен бағдарламалық құрал компьютер үлгісіне және құрылғы орналасқан жерге байланысты әртүрлі болады.


---

Компьютер Интернетке қосылудың екі түрін қолдайды:

- Сымсыз - Интернетке мобильді кіру үшін сымсыз қосылымды пайдалана аласыз. [Бар WLAN желісіне қосылу 37-бетте](#) немесе [Жаңа WLAN желісін орнату 38-бетте](#) бөлімін қараңыз.
- Сымды - Интернетке сымды желіге қосылу арқылы шығуға болады. Сымды желіге қосылу туралы ақпаратты *Справочное руководство ноутбука HP* (HP ноутбугы үшін анықтамалық нұсқаулықтан) қараңыз.

## Интернет қызметі провайдері (ISP)


Интернетке қосылмас бұрын ISP есептік жазбасын ұйымдастыру қажет. Жергілікті Интернет қызметі провайдерімен Интернет қызметі мен модемді сатып алуға хабарласыңыз. Интернет қызметі провайдері модемді орнатуға, сымсыз компьютерді модемге қосу үшін желілік кабельді өткізуге және Интернет қызметін тексеруге көмектеседі.

 **ЕСКЕРІМ:** Интернет қызметін провайдері Интернетке кіруге пайдаланушының коды мен құпия сөзін береді. Берілген мәліметтерді жазып алыңыз да, қауіпсіз жерде сақтаңыз.

Мына мүмкіндіктер жаңа Интернет есептік жазбасын орнатуға немесе компьютерді бұрыннан бар есептік жазбаны пайдаланатындай етіп теңшеуге көмектеседі:

- **Internet Services & Offers (Интернет қызметтері мен ұсыныстары)** (кейбір орындарда қолданылады) - Осы қызметтік бағдарлама жаңа Интернет есептік жазбасын жасауға және компьютерді бар есептік жазбаны пайдаланатындай етіп теңшеуге көмектеседі. Бұл утилитаны пайдалану үшін **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > Интернет-службы (Интернет қызметтері) > Интернет (Интернетке кіру)** тармақтарын таңдаңыз.
- **ISP ұсынатын белгішелер (кейбір орындарда қолданылады)** - Бұл белгішелер Windows жүйесінің жұмыс үстелінде бір-бірден немесе Интернет службы (Интернет қызметтері) атты жұмыс үстеліндегі қалтада топта орналасуы мүмкін. Жаңа Интернет есептік жазбасын жасау және компьютерді бар есептік жазбаны пайдаланатындай етіп теңшеу үшін белгішені екі рет нұқыңыз, одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- **Windows жүйесінің Интернетке қосылу шебері** - Windows жүйесінің Интернетке қосылу шеберін Интернетке төмендегі жағдайлардың кез келгенінде қосылу үшін пайдалануға болады:
  - Интернет қызметі провайдері тіркеген есептік жазбаңыз бар болған жағдайда.
  - Интернет есептік жазбасы болмаған және Интернет қызметі провайдері шебердегі тізімнен таңдағыңыз келген жағдайда. (Интернет қызметі провайдерлерінің тізімі барлық аймақтарда көрсетілмеуі мүмкін).
  - Тізімде жоқ Интернет қызметі провайдері таңдалған жағдайда және таңдалған Интернет қызметі провайдері IP мекенжайы, сондай-ақ POP3 және SMTP параметрлері сияқты қажетті ақпарат берген жағдайда.

Windows жүйесінің Интернетке қосылу шеберіне және шеберді пайдалану нұсқауларына кіру үшін **Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау)** пәрменін таңдап, одан кейін Поиск (Іздеу) жолағында Мастер подключения к Интернету (Интернетке қосылу шебері) деген сөздерді теріңіз.

 **ЕСКЕРІМ:** Шебер Windows желіаралық қалқанын қосу немесе ажыратуды таңдауыңызды сұраса, желіаралық қалқанды қосу пәрменін таңдаңыз.

## Сымсыз желіге қосылу

Сымсыз технология деректерді сым арқылы емес, радио толқындары арқылы тасымалдайды. Компьютер төмендегі сымсыз құрылғылардың бірімен жабдықталған болуы мүмкін:

- Сымсыз жергілікті желі (WLAN) құрылғысы
- HP Мобильді кең ауқымды модулі, сымсыз жергілікті желі (WLAN) құрылғысы
- Bluetooth® құрылғысы

Сымсыз байланыс технологиясы туралы және сымсыз желіге қосылу туралы қосымша ақпарат алу үшін *Справочное руководство ноутбука HP* (HP ноутбугы үшін анықтамалық нұсқаулықтан), анықтама және қолдау орталығындағы веб-тораптар сілтемелерінен және берілген мәліметтерден қараңыз.

### Бар WLAN желісіне қосылу


1. Компьютерді қосыңыз.
2. WLAN құрылғысының қосылғанын тексеріңіз.
3. Тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағында орналасқан желі белгішесін нұқыңыз.
4. Қажет желіні таңдаңыз.
5. **Подключение** (Қосылу) түймешігін басыңыз.
6. Егер қажет болса, қауіпсіздік кілтін енгізіңіз.




## Жаңа WLAN желісін орнату

Қажет жабдық:

- Кең ауқымды модем (DSL немесе кабельді) **(1)** және Интернет қызметі провайдерінен сатып алынған жылдамдығы жоғары Интернет қызметі
- Сымсыз жол жоспарлағышы (бөлек сатылады) **(2)**
- Жаңа сымсыз компьютер **(3)**

 **ЕСКЕРІМ:** Кейбір модемдердің ішіне жол жоспарлағышы орнатылады. Интернет қызметі провайдерінен модем түрінің қайсысын пайдаланатындығын сұраңыз.


Суретте Интернетке қосылған дайын WLAN сымсыз желісінің орнатымы мысалға келтірілген. Бұл желі құрылғыларының саны ұлғая түскенде, Интернетке кіретін қосымша сымсыз және сымды компьютерлерді желіге қосуға болады.



## Сымсыз жол жоспарлағышын теңшеу

Сымсыз жергілікті желіні (WLAN) орнату туралы көмек алу үшін, жол жоспарлағышы немесе Интернет қызметі провайдері (ISP) арқылы берілген ақпаратты қараңыз.

Windows амалдық жүйесінде жаңа сымсыз желіні орнатуға көмектесетін құралдар бар. Windows жүйесінің құралдарын желіні орнатуға пайдалану үшін **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Сеть и Интернет (Желі және Интернет) > Центр управления сетями и общим доступом (Желілер мен ортақ кіруді басқару орталығы) > Настройка нового подключения или сети (Жаңа қосылыс немесе желіні орнату) > Настройка новой сети (Жаңа желіні орнату)** пәрмендерін таңдаңыз. Одан кейін бейнебеттегі нұсқауларды орындаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Жаңа сымсыз компьютеріңізді жол жоспарлағышына онымен қамтамасыз етілген желілік кабель арқылы бастапқыда қосу ұсынылады. Компьютер Интернетке сәтті қосылғаннан кейін кабельді ажыратып, Интернетке сымсыз желі арқылы кіруге болады.

## WLAN желісін қорғау

WLAN құрылғысын орнатқан немесе бар WLAN желісіне кірген кезде, әрқашан рұқсатсыз кіруден желіні қорғау үшін қауіпсіздік мүмкіндіктерін қосыңыз.

WLAN желісін қорғау туралы қосымша ақпаратты *HP ноутбугы үшін анықтамалық нұсқаулықты* қараңыз.

## 5 Пернетақта мен меңзегіш құрылғылар

Төмендегі бөлімдер осы тарауда қамтылған:


- [Пернетақтаны пайдалану](#)
- [Меңзегіш құрылғыларды пайдалану](#)

### Пернетақтаны пайдалану

#### Әрекет пернелерін пайдалану

Әрекет пернелері пернетақтаның үстіңгі жағындағы пернелерге тағайындалған теңшелетін әрекеттерді орындайды.








Әрекет пернесін пайдалану үшін тағайындалған әрекетті белсендіруге пернені басып тұрыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Қолданылатын бағдарламаға байланысты **fn** және әрекет пернелерінің бірі басылған кезде сол бағдарлама ішінде арнайы төте мәзірі ашылады.

**ЕСКЕРІМ:** Әрекет пернелері мүмкіндігін Орнату утилитасында (BIOS) ажыратуға болады, тағайындалған әрекетті белсендіру үшін **fn** және әрекет пернелерінің бірін басып, мүмкіндікті қайта іске қосуға болады.



Белгіш	Әрекет	Сипаттама
e		
?	Анықтама және қолдау орталығы	Анықтама және қолдау орталығын ашады. Анықтама және қолдау орталығы нұсқаулықтар, сұрақтарға жауаптар мен өнім жаңартуларын қамтиды.
☼	Экран жарықтығын азайту	Экран жарықтығының деңгейін төмендетеді.
☼	Экран жарықтығын ұлғайту	Экран жарықтығының деңгейін ұлғайтады.


Белгіше	Әрекет	Сипаттама
	Экран кескінін ауыстырып қосу	<p>Жүйеге қосылған дисплейлердің арасында экран кескінін ауыстырып көрсетеді. Мысалы, егер монитор компьютерге қосылған болса, осы перне басылғаннан кейін экран кескіні компьютер дисплейінен монитор дисплейіне ауыстырылып, компьютер мен монитордың екеуінде көрсетіледі.</p> <p>Сыртқы мониторлардың басым бөлігі компьютерден бейне ақпаратын сыртқы VGA бейне стандарты арқылы қабылдайды. Сонымен қатар, <a href="#">переключение рисунка на экране</a> (экран кескінін ауыстырып көрсету) пернесі компьютерден бейне ақпаратын қабылдайтын басқа да құрылғылар арасында кескіндерді ауыстырып көрсетеді.</p> <p>Компьютер бірнеше дисплейдің жалғануын қолдайды. <a href="#">Переключение рисунка на экране</a> (Экран кескінін ауыстырып көрсету) пернесін басқаннан кейін бейне шығыстарының төрт түрінің біреуін таңдауға болады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Компьютер ғана режимі</li> <li>• Қос режимі</li> <li>• Кеңейтілген режим</li> <li>• Проектор ғана режимі</li> </ul>
	Пернетақта жарықтандырғышы	<p>Пернетақта жарықтандырғышын қосады және өшіреді.</p> <p><b>ЕСКЕРІМ:</b> Пернетақта жарықтандырғышы зауытта іске қосылады. Батарея қуатын ұзақ пайдалану үшін пернетақта жарықтандырғышын өшіріңіз.</p>
	Веб	<p>Веб-шолғышты ашады.</p> <p><b>ЕСКЕРІМ:</b> Интернет немесе желілік қызметтер теңшелгенге дейін бұл перне Интернетке қосылу шеберін ашады.</p>
	Дыбысты төмендету	Үндеткіш дыбысын төмендетеді.
	Дыбысты жоғарылату	Үндеткіш дыбысын жоғарылату
	Дыбыс өшіру	Үндеткіш дыбысын өшіреді немесе қайта қосады.
	Сымсыз	<p>Сымсыз байланыс мүмкіндігін қосады немесе ажыратады.</p> <p><b>ЕСКЕРІМ:</b> Бұл перне сымсыз қосылысты орнатпайды. Сымсыз қосылысты орнату үшін сымсыз желі де орнатылуы қажет.</p>
<code>prt sc</code>	Экранды басып шығару	Компьютер экранының суретін түсіріп, аралық сақтағышқа көшіреді.

## Пернелер тіркесімдерін пайдалану

Жылдам перне **fn** пернесінің **(1)** және **esc** пернесі **(2)** немесе **b** пернесінің **(3)** тіркесімі.

Жылдам перне пайдалану үшін

- ▲ **fn** пернесін аз уақыт басып, жылдам пернелер тіркесімінің екінші пернесін аз уақыт басыңыз.



Функция	Пернелер тіркесімі	Сипаттама
Жүйе ақпаратын көрсететеді.	<b>fn+esc</b>	Жүйенің аппараттық бөліктері және жүйенің BIOS нұсқасының нөмірі туралы ақпаратты көрсетеді.
Төменгі дыбыс жиілігі параметрлерін басқарады.	<b>fn+b</b>	Beats Audio төменгі дыбыс жиілігі параметрлерін реттеу.  Beats Audio таза дыбысты сақтап, жақсы басқарылатын төменгі жиілікті қамтитын, жақсартылған аудио профайлы болып табылады. Beats Audio әдепкі параметрлер бойынша қосылған.  Төменгі жиілік параметрлерін Windows амалдық жүйесі арқылы да көруге немесе басқаруға болады. Төменгі жиілік сипаттарын көру және басқару үшін <b>Пуск (Бастау) &gt; Панель управления (Басқару тақтасы) &gt; Оборудование и звук (Жабық және дыбыс) &gt; Панель управления звуком HP Beats (HP Beats дыбыс басқару тақтасы) &gt; Выравнивание (Реттеу)</b> тармақтарын таңдаңыз.

## Пернетақтаны пайдалану

### Кірістірілген сандық пернетақта пайдалану



---

**Бөлік**

Кірістірілген сандық пернетақта


**Сипаттама**

Оны сыртқы сандық пернетақта сияқты пайдалануға болады.

**ЕСКЕРІМ:** Компьютерде [num lock](#) пернесі жоқ.

---

## Меңзегіш құрылғыларды пайдалану

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютермен бірге жеткізілетін меңзегіш құрылғылармен қоса, сыртқы USB тінтуірін оны компьютердегі USB порттарының біреуіне жалғау арқылы пайдалануға болады.

### Меңзегіш құрылғылардың таңдаулы параметрлерін орнату

Түймешік конфигурациясы, басу жылдамдығы және меңзер параметрлері сияқты меңзегіш құрылғыларына арналған параметрлерді теңшеу үшін, Windows® жүйесіндегі тінтуір параметрлерін қолданыңыз.

Тінтуір сипаттарына кіру үшін **Пуск (Бастау) > Устройства и принтеры** (Құрылғылар мен принтерлер) тармақтарын таңдаңыз. Одан кейін компьютеріңіз болып келетін құрылғыны тінтуірдің оң жақ түймешігімен нұқып, **Настройки мыши** (Тінтуір параметрлері) пәрменін таңдаңыз.


### TouchPad құрылғысын пайдалану

Көрсеткіні жылжыту үшін бір бармақты TouchPad бетінде көрсеткіні жылжытқыңыз келген бағытқа жылжытыңыз. TouchPad панелінің сол және оң жақ түймешіктері сыртқы тінтуірдің сәйкес түймешіктері сияқты пайдаланылады.

## Сенсорлы тақтаны өшіру және қосу


Сенсорлы тақтаны қосу және өшіру үшін, сенсорлы тақтаның шамын екі рет тез нұқыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер сенсорлы тақтаның шамы сары түсті болса, сенсорлы тақта өшірулі болады.



## Шарлау


Көрсеткіні жылжыту үшін бір бармақты TouchPad бетінде көрсеткіні жылжытқыңыз келген бағытқа жылжытыңыз.





## Таңдау


TouchPad панелінің сол және оң жақ түймешіктері сыртқы тінтуірдің сәйкес түймешіктері сияқты пайдаланылады.




## TouchPad іс-қимылдарын пайдалану

TouchPad панелі бірқатар іс-қимылдарды қолдайды. TouchPad іс-қимылдарын пайдалану үшін TouchPad панеліне екі бармақты бір уақытта орналастырыңыз.

Іс-қимылдарды қосу және ажырату үшін

1. Хабарландыру аймағындағы тапсырмалар тақтасының оң жақ соңында орналасқан **Synaptics** белгішесін  екі рет нұқып, **Параметры устройства** (Құрылғы параметрлері) қойындысын ашыңыз.
2. Құрылғыны таңдаңыз, одан кейін **Параметры** (Параметрлер) түймешігін басыңыз.
3. Қосқыңыз және ажыратқыңыз келетін іс-қимылдарды таңдаңыз.
4. **Применить** (Қолдану) түймешігін, одан кейін **ОК** түймешігін басыңыз.


---


 **ЕСКЕРІМ:** Компьютер қосымша TouchPad мүмкіндіктерін де қолдайды. Бұл мүмкіндіктерді қарап шығу және қосу үшін хабарландыру аймағындағы тапсырмалар тақтасының оң жақ соңында орналасқан **Synaptics** белгішесін екі рет нұқып, **Параметры устройства** (Құрылғы параметрлері) қойындысын ашыңыз. Құрылғыны таңдаңыз, одан кейін **Параметры** (Параметрлер) түймешігін басыңыз.

---

## Жылжу

Жылжу іс-қимылы бетте немесе суретте жоғары, төмен қарай немесе көлденең жылжу кезінде қажет әрекет. Жылжу үшін екі бармақты TouchPad панелінде жан-жақта орналастырып, оларды TouchPad панелінде жоғары, төмен, сол немесе оң жаққа жылжытыңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Жылжу жылдамдығы саусақ жылдамдығы арқылы басқарылады.



## Қысу/Ұлғайту

Қысу іс-қимылы суретті немесе мәтінді ірілеу не кішілеу мүмкіндігін береді.

- Ірілеу үшін екі бармақты қысып, TouchPad панеліне орналастырып, одан кейін оларды жан-жаққа жылжытыңыз.
- Кішілеу үшін екі бармақты TouchPad панеліне жан-жақта орналастырып, одан кейін оларды қысыңыз.



---


## 6 Күтім

Төмендегі бөлімдер осы тарауда қамтылған:

- [Батареяны шығарып алу немесе салу](#)
- [Қатты дискіні ауыстыру немесе жаңарту](#)
- [Жад модулін қосу немесе ауыстыру](#)
- [Күнделікті күтім](#)
- [Бағдарламалар мен драйверлерді жаңарту](#)

### Батареяны шығарып алу немесе салу

---

 **ЕСКЕРІМ:** Батарея зауытта батарея ұясына орнатылады.

**ЕСКЕРІМ:** Батарея пайдалану туралы қосымша ақпаратты *Справочное руководство HP ноутбука* (HP ноутбугы үшін анықтамалық нұсқаулықтан) қараңыз.

---

### Батареяны шығарып алу


---

△ **ЕСКЕРТУ:** Жалғыз қуат көзі болатын батареяны шығарып алу ақпараттың жоғалуын тудыруы мүмкін. Ақпараттың жоғалуын болдырмау үшін, жұмысыңызды сақтап, күту күйін қосыңыз немесе батареяны шығарып алмас бұрын, компьютерді Windows арқылы өшіріңіз.

---

1. Батареяны шығарып алу үшін, батареяны босату ысырмасын **(1)** сырғытыңыз.


2. Батареяны (2) жоғары қарай бұрып, оны компьютерден (3) шығарып алыңыз.



## Батареяны салу

- ▲ Батареядағы ілгектерді батарея ұясының сыртқы бетіндегі кетіктерге (1) туралаңыз да, батареяны бұру арқылы оны батарея ұясын салып орналастырыңыз (2).

Батареяны босату ысырмасы (3) батареяны оның орнына автоматты түрде орналастырады.



## Қатты дискіні ауыстыру немесе жаңарту

△ **ЕСКЕРТУ:** Мәліметтердің жоғалуын немесе жауапсыз жүйені болдырмау үшін


Қатты дискіні қатты диск ұясынан шығармастан бұрын, компьютерді өшіріңіз. Компьютер қосулы тұрғанда, ұйқы немесе күту күйінде болғанда, қатты дискіні шығарып алмаңыз.

Егер компьютердің өшірулі немесе күту күйінде тұрғандығына сенімді болмасаңыз, қуат түймешігін басып, компьютерді өшіріңіз. Одан кейін компьютерді амалдық жүйе арқылы өшіріңіз.


📝 **ЕСКЕРІМ:** Таңдаулы компьютер модельдері екі дискіні қолдай алады. Компьютерде орнатылған дискілерді көру үшін **Пуск (Бастау) > Компьютер (Компьютер)** пәрмендерін таңдаңыз.

## Қатты дискіні шығарып алу


1. Жұмысты сақтап, компьютерді өшіріңіз.
2. Компьютерге жалғанған барлық сыртқы құрылғыларды ажыратыңыз.
3. Қуат сымын айнымалы ток розеткасынан суырыңыз да, батареяны шығарып алыңыз.
4. Қатты диск қақпағындағы екі бұранданы (1) бұрап босатыңыз.
5. Қатты дискінің қақпағын (2) алыңыз.



6. Қатты диск кабелін (1) компьютерден ажыратып, қатты дискіні (2) оның ұясынан жоғары қарай көтеріңіз.




7. Қатты диск кабелін қатты дискіден ажыратыңыз.




## Қатты дискіні орнату

1. Қатты диск кабелін қатты дискіге жалғаңыз.




2. Қатты дискіні (1) қатты диск ұясына салып, одан кейін қатты диск кабелін (2) қатты дискіге жалғаңыз.



3. Қатты диск қақпағындағы ілгектерді (1) компьютердегі кетіктерге туралаңыз.
4. Қақпақты жабыңыз (2).

5. Қатты диск қақпағындағы бұрандаларды (3) бұрап қатайтыңыз.



6. Батареяны орнына салыңыз.
7. Сыртқы қуат көзіне қосыңыз және сыртқы құрылғыларды жалғаңыз.
8. Компьютерді қосыңыз.

## Жад модулін қосу немесе ауыстыру

Компьютерде екі жад модулі ұясы бар. Жад модулі ұялары компьютер түбінде қатты диск қақпағының астында орналасқан. Компьютердің жад сыйымдылығын жад модулін қосу немесе жад модулі ұяларының біреуінде бар жад модулін ауыстыру арқылы жаңартуға болады.

- ⚠ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ток ұру немесе жабдықтың зақымдалу қатерін азайту үшін, қуат сымын ажыратып, жад модулін орнатпас бұрын, барлық батареяларды шығарып алыңыз.
- ⚠ **ЕСКЕРТУ:** Электростатикалық ток соғу (ESD) электроникалық бөліктерді зақымдауы мүмкін. Қандай да бір іс ретін бастамастан бұрын, жерге орнатылған нысанды түрту арқылы бойыңызда тұрақты электр тогының жоқтығын тексеріңіз.
- 📝 **ЕСКЕРІМ:** Екінші жад модулін қосқанда, қос арна теңшелімін пайдалану үшін, екі жад модулінің бірдей сыйымдылықта болуын тексеріңіз.

Жад модулін қосу немесе ауыстыру үшін




△ **ЕСКЕРТУ:** Мәліметтердің жоғалуын немесе жауапсыз жүйені болдырмау үшін

Жад модулін компьютерден шығармас бұрын компьютерді өшіріңіз. Компьютер қосулы тұрғанда, ұйқы немесе күту күйінде болғанда, жад модулін шығарып алмаңыз.


Егер компьютердің өшірулі немесе күту күйінде тұрғандығына сенімді болмасаңыз, қуат түймешігін басып, компьютерді өшіріңіз. Одан кейін компьютерді амалдық жүйе арқылы өшіріңіз.

1. Жұмысты сақтап, компьютерді өшіріңіз.
2. Компьютерге жалғанған барлық сыртқы құрылғыларды ажыратыңыз.
3. Қуат сымын айнымалы ток розеткасынан суырыңыз да, батареяны шығарып алыңыз.
4. Қатты дискінің қақпағын алыңыз.
  - a. Қатты диск қақпағындағы екі бұранданы **(1)** бұрап босатыңыз.
  - b. Қатты дискінің қақпағын **(2)** алыңыз.



5. Жад модулі бөлімінің қақпағын алыңыз.
  - a. Жад модулі бөлімінің қақпағындағы 2 бұранданы **(1)** бұрап босатыңыз.

- b. Жад модулі бөлімінің қақпағын (2) алыңыз.




6. Егер жад модулін ауыстырып жатсаңыз, бар жад модулін алып тастаңыз:

- a. Жад модулінің екі жағындағы ұстап тұратын қыстырғыштарды (1) тартып алыңыз.

Жад модулінің бұрыштарын жоғары қаратыңыз.

- b. Жад модулінің жиектерінен ұстап (2), одан кейін оны ұясынан сыртқа жайлап тартыңыз.


△ **ЕСКЕРТУ:** Жад модулінің зақымдануын болдырмау үшін, оны жиектерінен ғана ұстаңыз. Жад модуліндегі бөліктерге тимеңіз. Шығарғаннан кейін жад модулін қорғау үшін, оны электростатикалық ток өтпейтін контейнерге салыңыз.



7. Жаңа жад модулін енгізу үшін:


△ **ЕСКЕРТУ:** Жад модулінің зақымдануын болдырмау үшін, оны жиектерінен ғана ұстаңыз. Жад модуліндегі бөліктерге тимеңіз және жад модулін қисайтпаңыз.

- a. Жад модулінің түйіскен жиектерін **(1)** жад модулі ұясының құлақшасына туралаңыз.
- b. Жад модулі бөлімінің бетінен 45 градус бұрыштағы жад модулімен модульді **(2)** жад модулінің ұясына орныққанша басыңыз.
- c. Жад модулінің сол және оң жақ жиектеріне қысым бере отырып, жад модулін **(3)** төмен қарай жайлап, ұстап тұратын қыстырғыштар орнына түскенше, басыңыз.




8. Жад модулі бөлімінің қақпағын орнына салыңыз.
  - a. Жад модулі бөлімінің қақпағындағы ілгектерді **(1)** компьютердегі кетіктерге туралаңыз.
  - b. Қақпақты **(2)** жабыңыз.

- с. Жад модулі бөлімінің қақпағындағы 2 бұранданы (3) бұрап қатайтыңыз.



9. Қатты диск қақпағын орнына салыңыз.

- а. Қатты диск қақпағындағы ілгектерді (1) компьютердегі кетіктерге туралаңыз.
- б. Қақпақты (2) жабыңыз.
- с. Қатты диск қақпағындағы 2 бұранданы (3) бұрап қатайтыңыз.



- 10. Батареяны орнына салыңыз.
- 11. Сыртқы қуат көзіне қосыңыз және сыртқы құрылғыларды жалғаңыз.
- 12. Компьютерді қосыңыз.

# Күнделікті күтім

## Дисплейді тазалау

- △ **ЕСКЕРТУ:** Компьютерге зиян келтіруді болдырмау үшін дисплейге суды, тазалауға арналған сұйықтықтарды немесе химиялық заттарды қолданбаңыз.

Дақтар мен талшықтарды жою үшін дисплейді жұмсақ, сулы, талшықтарды қалдырмайтын матамен жүйелі түрде тазалаңыз. Дисплейге қосымша тазалау қажет болса, алдын ала суланған антистатикалық майлықтарды немесе дисплейге арналған антистатикалық тазалағышты пайдаланыңыз.

## TouchPad панелін және пернетақтаны тазалау

TouchPad панеліндегі кір және май көрсеткінің экранда жылжуына әкеліп соғуы мүмкін. Көрсеткінің экранда тәртіпсіз жылжуына жол бермеу үшін TouchPad панелін сулы матамен тазалаңыз және компьютерді пайдаланған кезде қолдарыңызды жүйелі түрде жуыңыз.

- △ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Электр тогының соғуы немесе ішкі бөліктерге зиян келтіру қаупін азайту үшін пернетақтаны тазалауға шаңсорғыш бөліктерін пайдаланбаңыз. Шаңсорғышпен тазалағаннан кейін пернетақта бетінде шаң қалуы мүмкін.

Пернелердің жабысып қалуын болдырмау үшін пернетақтаны және шаң мен пернелердің астында қалатын басқа да заттарды әрқашан тазалап отырыңыз. Пернелердің жаны мен астында орналасқан шаңды тазалау үшін қысылған ауамен пернетақтаны үріңіз.

## Бағдарламалар мен драйверлерді жаңарту

HP компаниясы бағдарламалар мен драйверлерді жүйелі түрде жаңартуға кеңес береді. Ең соңғы нұсқаларды жүктеп алу үшін <http://www.hp.com/support> торабына өтіңіз. Жаңартулардың бар екені туралы ескертулерді автоматты түрде алу үшін тіркелу қажет.

# 7 Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру


Төмендегі бөлімдер осы тарауда қамтылған:

- [Қалпына келтіру дискілері](#)
- [Жүйені қалпына келтіруді жүзеге асыру](#)
- [Ақпараттың сақтық көшірмесін жасау](#)

Жүйе ақаулығынан кейін жүйені қалпына келтіру және жақын арада жасалған сақтық көшірме бірдей нәтиже береді. HP компаниясы бағдарламаны орнатқаннан кейін дереу қалпына келтіру дискісін жасауды ұсынады. Жаңа бағдарлама және деректер файлдары қосылғаннан кейін ең соңғы сақтық көшірме жасауды қамтамасыз ету үшін жүйенің сақтық көшірмесін жүйелі түрде жасауды жалғастыру қажет.

Амалдық жүйенің құралдары және HP Recovery Manager бағдарламалық құралы мәліметтеріңізді қорғау және компьютер ақаулығы орын алған жағдайда оларды қалпына келтіру тапсырмаларын орындауға көмектесуге арналған:

- Қалпына келтіру дискілерінің жиынын жасау (Recovery Manager бағдарламасының мүмкіндігі)
- Ақпараттың сақтық көшірмесін жасау
- Жүйені қалпына келтіру нүктелерін жасау
- Бағдарламаны немесе драйверді қалпына келтіру
- Бүкіл жүйені қалпына келтіру (қалпына келтіру бөлімінен немесе қалпына келтіру дискілерінен)


 **ЕСКЕРІМ:** Қалпына келтіру дискілері, егер қалпына келтіру бөлімі компьютерде болмаса, жеткізіледі. Бұл дискілерді амалдық жүйені және бағдарламалық құралдарды қалпына келтіру үшін пайдаланыңыз. Қалпына келтіру бөлімінің бар екенін тексеру үшін **Пуск** (Бастау) түймешігін басып, **Компьютер** тармағын тінтуірдің оң жақ түймешігімен нұқып, **Управление** (Басқару) пәрменін таңдаңыз, одан кейін **Управление дисками** (Дискілерді басқару) тармағын нұқыңыз. Егер қалпына келтіру бөлімі бар болса, HP қалпына келтіру дискісі терезедегі тізімде көрсетіледі.

## Қалпына келтіру дискілері

HP компаниясы қатты дискінің ақаулығы орын алған жағдайда немесе компьютерді қалпына келтіру бөлімінің құралдарын пайдалану арқылы қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда


компьютерді бастапқы зауыттық күйіне келтіре алуға сенімді болуыңыз үшін қалпына келтіру дискілерін жасауға кеңес береді. Бұл дискілерді компьютерді бірінші рет орнатқаннан кейін жасаңыз.

Бұл дискілерді қолданғанда сақ болыңыз да, оларды қауіпсіз жерде сақтаңыз. Бағдарламалық құрал қалпына келтіру дискілерінің бір жинағын ғана жасауға мүмкіндік береді.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер компьютерде кірістірілген оптикалық диск жетегі болмаса, қалпына келтіру дискілерін жасау үшін қосымша сыртқы оптикалық диск жетегін (бөлек сатылады) пайдалана аласыз немесе компьютерге арналған қалпына келтіру дискілерін HP веб-торабынан сатып алуға болады. Егер сыртқы оптикалық диск жетегі пайдаланылса, ол USB концентраторы сияқты сыртқы құрылғыдағы USB портына емес, компьютердегі USB портына жалғануы тиіс.

Нұсқаулар:

- Сапасы жоғары DVD-R, DVD+R, BD-R (жазуға арналған Blu-ray) дискілері немесе CD-R дискілерін сатып алыңыз. Ықшам дискілермен салыстырғанда, DVD және BD дискілерінің жад сыйымдылығы жоғары. Ықшам дискілерді пайдалансаңыз, 20-ға жуық дискі қажет болуы мүмкін, алайда тек бірнеше DVD немесе BD дискісі ғана қажет.

 **ЕСКЕРІМ:** CD-RW, DVD±RW дискілері сияқты жазуға және қайта жазуға арналған дискілер, қос қабатты DVD±RW дискілері және BD-RE (қайта жазуға арналған Blu-ray) дискілері Recovery Manager бағдарламалық жасақтамасымен сыйымды емес.

- Бұл үрдіс барысында компьютер айнымалы ток қуат көзіне жалғанған болуы қажет.
- Бір компьютерде қалпына келтіру дискілерінің тек қана бір жинағын жасауға болады.
- Әр дискіні оптикалық дискіенгізгіге енгізбес бұрын нөмірлеңіз.
- Егер қажет болса, қалпына келтіру дискілерінің жасалуын аяқтағанға дейін бағдарламадан шыға аласыз. Келесі рет Recovery Manager бағдарламасы ашылған кезде сізге дискілерді жасау үрдісін жалғастыру ұсынылады.

Қалпына келтіру дискілерінің жинағын жасау үшін

1. **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > Recovery Manager > Создание диска восстановления (Қалпына келтіру дискісін жасау)** тармақтарын таңдаңыз.
2. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

## Жүйені қалпына келтіруді жүзеге асыру

Recovery Manager бағдарламалық құралы компьютерді оның бастапқы зауыттық күйіне келтіруге мүмкіндік береді. Recovery Manager бағдарламалық құралы қатты дискідегі арнайы қалпына келтіру бөлімінен (тек таңдаулы үлгілерде) немесе қалпына келтіру дискілерінен жұмыс істейді.



Жүйені қалпына келтіруді жүзеге асыру кезінде мына ақпаратты есіңізде сақтаңыз:

- Бұрын сақтық көшірме жасалған файлдарды ғана қалпына келтіре аласыз. HP компаниясы компьютеріңізді орнатқаннан кейін қалпына келтіру дискілерінің жиынын (бүкіл дискінің сақтық көшірмесін) жасау үшін HP Recovery Manager бағдарламасын пайдалануды ұсынады.
- Windows жүйесінде Жүйені қалпына келтіру сияқты жөндеу мүмкіндіктері бар. Егер бұл мүмкіндіктерді әлі сынап көрмесеңіз, Recovery Manager құралын пайдаланбас бұрын оларды сынап көріңіз.
- Recovery Manager құралы зауытта алдын ала орнатылған бағдарламалық құралдарды ғана қалпына келтіреді. Осы компьютермен қамтамасыз етілмеген бағдарламалық құралдарды өндірушінің веб-торабынан жүктеу немесе өндіруші қамтамасыз еткен дискіден қайта орнату қажет.

## Қалпына келтіруге арналған бөлімнен қалпына келтіру (тек таңдаулы модельдерде)

Кейбір үлгілерде, қатты дискідегі бөлімнен қалпына келтіруді орындау үшін **Пуск** (Бастау) түймешігін немесе **f11** пернесін басыңыз. Бұл қалпына келтіру түрі арқылы компьютер қалпына келтіру дискілерін пайдаланбай оның зауыттық күйіне келтіріледі.

Компьютерді бөлімнен қалпына келтіру үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз:

1. Recovery Manager бағдарламасын төмендегі жолдармен іске қосыңыз:
  - **Пуск** (Бастау) > **Все программы** (Барлық бағдарламалар) > **Recovery Manager** (Қалпына келтіруді реттеуші) > **Recovery Manager** (Қалпына келтіруді реттеуші) тармақтарын таңдаңыз.
  - немесе –
  - Компьютерді қосыңыз немесе қайта іске қосыңыз және экранның төменгі жағында «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) хабарламасы бейнеленгенде **esc** пернесін басыңыз. «F11 (HP Recovery)» хабары экранда көрсетілгенде **f11** пернесін басыңыз.
2. **Recovery Manager** терезесінде **Восстановление системы** (Жүйені қалпына келтіру) параметрін таңдаңыз.
3. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

## Қалпына келтіру дискілерін пайдалану арқылы қалпына келтіру

1. Мүмкін болса, барлық жеке файлдардың сақтық көшірмесін жасаңыз.
2. Бірінші қалпына келтіру дискісін компьютердегі оптикалық диск жетегіне немесе қосымша сыртқы оптикалық диск жетегіне енгізіңіз, одан кейін компьютерде қайта бастаңыз.
3. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

## Ақпараттың сақтық көшірмесін жасау

Ағымдағы сақтық көшірменің жасалуын қатамасыз ету үшін компьютердегі файлдардың сақтық көшірмелерін жүйелі түрде жасап отыру қажет. Ақпараттың сақтық көшірмесін қосымша сыртқы

қатты диск, желілік диск немесе дискілерде жасауға болады. Мына жағдайларда жүйенің сақтық көшірмесін жасаңыз:

- Жүйелі жоспарланған кесте бойынша



**ЕСКЕРІМ:** Мәліметтердің сақтық көшірмесін жүйелі түрде жасау үшін еске салғышты орнатыңыз.

---

- Компьютер жөнделмес немесе қалпына келтірілмес бұрын
- Жабдықты немесе бағдарламалық құралды қоспас немесе өзгертпес бұрын

Нұсқаулар:

- Жүйені бастапқы қалпына келтіру нүктелерін Windows® жүйесін қалпына келтіру мүмкіндігін пайдалану арқылы жасаңыз және оларды оптикалық дискіге немесе сыртқы қатты дискіге жүйелі түрде көшіріңіз. Жүйені бастапқы қалпына келтіру нүктелерін пайдалану туралы қосымша ақпаратты [Жүйені бастапқы қалпына келтіру нүктелерін пайдалану 64-бетте](#) бөлімінен қараңыз.
- Жеке файлдарды құжаттар кітапханасында сақтаңыз да, бұл қалтаның сақтық көшірмесін жүйелі түрде жасаңыз.
- Терезе, құралдар тақтасы не мәзір жолында теңшелетін параметрлерді олардың экран суретін жасау арқылы сақтаңыз. Параметрлерді қалпына келтіру қажет болған кезде экран суреті уақытыңызды сақтауы мүмкін.

## Windows жүйесінің сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру мүмкіндігін пайдалану


Windows жүйесінің сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру құралы жеке файлдардың немесе бүкіл компьютер кескінінің сақтық көшірмелерін жасауға мүмкіндік береді.

Нұсқаулар:

- Сақтық көшірме жасау үрдісін бастамас бұрын компьютердің айнымалы ток көзіне жалғанғанын тексеріңіз.
- Сақтық көшірме жасау үрдісін аяқтауға қажет уақыт беріңіз. Файлдар өлшемдеріне байланысты оған бір сағаттай уақыт алуы мүмкін.


Сақтық көшірме жасау үшін

1. **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Система и безопасность (Жүйе және қауіпсіздік) > Резервное копирование и восстановление (Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру)** тармақтарын таңдаңыз.
2. Сақтық көшірме жасалуын жоспарлау және жүзеге асыру үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Windows® жүйесі компьютердің қауіпсіздігін жақсарту үшін пайдаланушы жазбасын басқару мүмкіндігін қамтиды. Бағдарламалық құралды орнату, қызметтік бағдарламаларды іске қосу немесе Windows параметрлерін өзгерту сияқты тапсырмаларды орындау үшін, рұқсатыңыз немесе құпия сөзіңіз сұралуы мүмкін. Қосымша ақпаратты Анықтама және қолдау орталығынан қараңыз.

## Жүйені бастапқы қалпына келтіру нүктелерін пайдалану


Жүйені бастапқы қалпына келтіру нүктесі қатты дискінің суретін белгілі бір сәтте сақтауға және атын беруге мүмкіндік береді. Егер енгізілген өзгертулердің күшін болдырмауды қаласаңыз, осы нүктеге дейін қалпына келтіре аласыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Бұрынғы қалпына келтіру нүктелеріне қайтару бастапқы қалпына келтіру нүктесі соңғы рет жасалғаннан бері сақталған деректер файлдарына немесе жасалған электрондық пошта хабарламаларына әсер етпейді.

Сонымен қатар, файлдар мен параметрлерді жоғары деңгейде қорғау үшін бастапқы қалпына келтірудің қосымша нүктелерін жасай аласыз.

## Бастапқы қалпына келтіру нүктелерін жасау уақыты

- Жабдықты немесе бағдарламалық құралдарды қоспас немесе толық түрде өзгертпес бұрын
- Мерзімді түрде, компьютер тиімді түрде жұмыс істеп отырған кезде

 **ЕСКЕРІМ:** Егер жүйені қалпына келтіру нүктесіне қайтарып, одан кейін шешіміңізді өзгертсеңіз, қалпына келтірудің күшін жоюға болады.

## Жүйені қалпына келтіру нүктесін жасау

1. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) > **Система** (Жүйе) тармақтарын таңдаңыз.
2. Сол жақ аумақта **Защита системы** (Жүйені қорғау) параметрін таңдаңыз.
3. **Защита системы** (Жүйені қорғау) қойындысын нұқыңыз.
4. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

## Алдыңғы күнге және уақытқа дейін қалпына келтіру

Бастапқы қалпына келтіру нүктесіне (алдыңғы күні мен уақытта жасалған) компьютер тиімді түрде жұмыс істеген кезде қайтару үшін төмендегі қадамдар орындаңыз:

1. **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Система и безопасность (Жүйе және қауіпсіздік) > Система (Жүйе)** тармақтарын таңдаңыз.
2. Сол жақ аумақта **Защита системы (Жүйені қорғау)** параметрін таңдаңыз.
3. **Защита системы (Жүйені қорғау)** қойындысын нұқыңыз.
4. **Восстановление системы (Жүйені қалпына келтіру)** түймешігін басыңыз.
5. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

## 8 Тұтынушыларды қолдау


Төмендегі бөлімдер осы тарауда қамтылған:

- [Тұтынушыларды қолдау қызметіне хабарласу](#)
- [Жапсырмалар](#)


### Тұтынушыларды қолдау қызметіне хабарласу

Осы *Алғашқы жұмыс* нұсқаулығында, *HP ноутбугы үшін анықтамалық нұсқаулықта* немесе анықтама және қолдау орталығында берілген ақпарат сұрақтарыңызға жауап бермесе, HP тұтынушыларды қолдау қызметімен мына мекенжай бойынша байланысуға болады:

<http://www.hp.com/go/contactHP>

 **ЕСКЕРІМ:** Дүние жүзіндегі қолдау үшін беттің сол жағындағы **HP компаниясымен дүние жүзінде байланысу** сілтемесін таңдаңыз немесе [http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact\\_us.html](http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html) веб-торабына өтіңіз.


Бұл торапта мына әрекеттер жасауға болады:

- HP компаниясының технигімен интернет арқылы чат сеансын жүргізу.
-  **ЕСКЕРІМ:** Техникалық қолдау қызметінің белгілі бір тілдегі сөйлесу құралы жұмыс істемеген кезде оны ағылшын тілінде пайдалануға болады.
- Электрондық пошта арқылы HP компаниясының Тұтынушыларға қолдау көрсету қызметін алу.
- HP компаниясының Тұтынушыларға қолдау көрсету қызметінің бүкіл әлемдегі телефон нөмірлері кітапшасын пайдалану.
- HP компаниясының қызметтік орталығын табу.

### Жапсырмалар

Компьютерге жапсырылған жапсырмалар жүйе ақаулықтарын жойғанда немесе компьютермен шетелге саяхатқа шыққанда қажет болуы мүмкін:

- Сериялық нөмір жапсырмасы—мыналарды қоса маңызды ақпаратты қамтиды:




---

**Бөлік**

---

(1)	Өнім атауы
(2)	Сериялық нөмірі (s/n)
(3)	Бөлік нөмірі/өнім нөмірі (p/n)
(4)	Кепілдік күшінің мерзімі
(5)	Модель сипаттамасы

---

Техникалық қолдау орталығына хабарласқан кезде осы ақпарат қол жетімді болуы қажет. Сериялық нөмір жапсырмасы компьютердің астында орналасады.

- Microsoft® түпнұсқалық туралы куәлігі - Windows өнім кілті туралы ақпаратты қамтиды. Өнім кілті амалдық жүйені жаңарту немесе ақаулықтарын жою үшін қажет болуы мүмкін. Microsoft түпнұсқалық туралы куәлігі компьютердің түбінде орналасқан.
- Нормативтік ақпараты бар жапсырма - компьютер туралы нормативтік ақпаратты береді. Нормативтік ақпараты бар жапсырма батарея ұясында орналасады.
- Сымсыз куәландыру белгісі немесе белгілер (таңдаулы модельдерде ғана) - қосымша сымсыз құрылғылар туралы және құрылғылар қолдану үшін бекітілген кейбір мемлекеттер мен аймақтардың мақұлдау таңбаларын береді. Компьютерде бір немесе бірнеше сымсыз құрылғылар болса, бір немесе бірнеше куәландыру белгісі компьютермен бірге беріледі. Бұл ақпарат шетелге саяхатқа шыққанда қажет болуы мүмкін. Сымсыз куәландыру белгісі компьютердің түбінде орналасады.

## 9 Техникалық сипаттамасы

Төмендегі бөлімдер осы тарауда қамтылған:

- [Тұтынылатын қуат](#)
- [Жұмыс ортасы](#)


### Тұтынылатын қуат

Егер сіз компьютерді алып, халықаралық саяхат жасауды жоспарласаңыз, осы бөлімде берілген қуат туралы ақпарат пайдалы болуы мүмкін.

Компьютер тұрақты ток қуатында жұмыс істейді, бұл қуатты айнымалы ток немесе тұрақты ток қуат көзі арқылы қамтамасыз етуге болады. Айнымалы ток көзінде 100-240 В, 50-60 Гц параметрлері болуы тиіс. Компьютерді автономдық тұрақты ток қуат көзі арқылы қуатпен қамтамасыз етуге болса да, айнымалы ток адаптерін немесе HP компаниясы осы компьютер үшін бекіткен және қамтамасыз еткен тұрақты ток қуат көзін ғана пайдалануға болады.

Компьютерді төмендегі техникалық параметрлер ішінде тұрақты ток қуат көзі арқылы қуатпен қамтамасыз етуге болады.

Тұтынылатын қуат	Мөлшер
Жұмыс кернеуі	19,5 В (тұрақты ток) болғанда 6,5 А - 120 Вт
Жұмыс тогы	6,5 А

 **ЕСКЕРІМ:** Осы өнім фазааралық кернеу 240 В-тан (орташа есептелген шаршы мән) аспайтын Норвегиялық АТ қуат жүйелеріне арналған.

**ЕСКЕРІМ:** Компьютердің жұмыс кернеуі мен тогының мәндерін батарея орнының ішінде орналасқан жүйелік нормалар жапсырмасынан қарауға болады.



## Жұмыс ортасы

Фактор	Метрикалық өлшемдер жүйесі	АҚШ-та пайдаланылатын өлшемдер жүйесі
<b>Температура</b>		
Пайдалануға болатын (оптикалық дискіге жазу кезінде)	<b>5°C пен 35°C</b>	41°F пен 95°F
Пайдалануға болмайтын	<b>-20°C пен 60°C</b>	-4°F пен 140°F
<b>Салыстырмалы ылғалдылық</b> (конденсанцияланбайтын)		
Пайдалануға болатын	<b>10% бен 90%</b>	10% бен 90%
Пайдалануға болмайтын	<b>5% бен 95%</b>	5% бен 95%
<b>Ең жоғары биіктік</b> (герметизацияланбаған)		
Пайдалануға болатын	<b>-15 м мен 3 048 м</b>	-50 фут пен 10 000 фут
Пайдалануға болмайтын	<b>-15 м мен 12 192 м</b>	-50 фут пен 40 000 фут

# Индекс

## Таңбалар/Сандар

- 3D параметрлері, реттеу 15
- 3D Фильм технологиясы
  - 2D және 3D арасында ауыстыру 17
- 3D ойындары 23
- жаңарту жиілігі 16
- жиі сұралатын сұрақтар 22
- жұмыс істеу аймағы 23
- жыпылықтау 23
- қауіпсіздік туралы ақпарат 7
- мазмұнды көру 13
- пайдалану 12
- параметрлерді реттеу 14
- сол камераны/оң камераны ауыстыру 16

## А

- ақаулықтарды жою
  - 3D 22
  - 3D мазмұнын көре алмаймын 22
  - 3D ойындары 23
  - жыпылықтау 23
  - қолдау көрсетілетін 3D пішімдері 23
- амалдық жүйе
  - Microsoft түпнұсқалық туралы куәлігінің жапсырмасы 68
  - Өнім кілті 68
- Анықтама және қолдау пернесі 40
- ауа өткізгіш саңылаулар, анықтау 31, 34
- аудио кіріс (микрофон) ұясы, анықтау 32
- аудио шығыс (құлаққап) ұясы, анықтау 32

## Ә

- әрекет пернелері
  - Анықтама және қолдау орталығы 40
  - анықтау 28
  - дыбысты реттеу 41
  - пайдалану 40
  - пернетақта жарықтандырғышы 41
  - сымсыз 41
  - үндеткіш дыбысын өшіру 41
  - экран жарықтығын азайту 40
  - экран жарықтығын ұлғайту 40
  - экран кескінін ауыстырып қосу 41
- әрекет пернелері, анықтау 41

## Б

- бағдарламаны немесе драйверді қалпына келтіру 60
- бастапқы қалпына келтіру нүктелері 64
- батарея ұясы 68
- батарея ұясы, анықтау 34
- батарея шамы 30
- батарея, ауыстыру 48
- батареяны шығару ысырмасы 34
- Белсенді модуляторы бар HP 3D көзілдіріктері
  - анықтау 10
  - батарея бөлімі 10
  - батареяны ауыстыру 20
  - күтім көрсету 19
  - қосу және өшіру 11
  - пайдалану 10
  - саптамалар 10, 19
  - тазалау 21
  - ұстау 21

## Бөліктер

- алдыңғы жағы 29
- дисплей 33
- жоғарғы 25
- оң жағындағы 30
- сол жағындағы 31
- түбіндегі 34
- бүкіл жүйені қалпына келтіру 60
- бір үлкен экран 4

## В

- веб-камера шамы, анықтау 33
- веб-камера, анықтау 33

## Д

- диск шамы 29
- дискілер, қатты 52
- дыбыс өшіру пернесі, анықтау 41
- дыбыс өшіру шамы, анықтау 26

## Ж

- жад модулі
  - алу 55
  - ауыстыру 53
  - енгізу 55
- жад модулі бөлімі, анықтау 34
- жад модулі бөлімінің қақпағы
  - алу 55
  - ауыстыру 56
- жапсырмалар
  - Bluetooth 68
  - Microsoft түпнұсқалық туралы куәлігі 68
  - WLAN 68
  - нормативтік 68
  - сериялық нөмір 67
  - сымсыз куәлік 68
- жаңарту жиілігі, реттеу 16

желі ұясы, анықтау 31  
жұмыс ортасы 70  
жүйе ақпаратының жылдам  
пернесі 42  
жүйені бастапқы қалпына келтіру  
нүктелері 60, 64  
жүйені бастапқы қалпына  
келтіру, пайдалану 64  
жүйені қалпына келтіру 61  
жүйенің қатесі немесе  
тұрақсыздығы 60  
жылдам пернелер  
жүйе ақпаратын көрсету 42  
төменгі дыбыс жиілігі  
параметрлері 42  
жылдам пернелер тіркесімдері  
пайдалану 42  
сипаттама 42

## **И**

Интернет қосылысын орнату 38  
Инфрақызыл сәуле  
шығарғыштар, анықтау 33

## **К**

компьютерді сапарға алып  
шығу 68  
көрсетілетін кескін, ауыстырып  
көрсету 41  
кірістірілген веб-камера шамы,  
анықтау 33  
кірістірілген сандық пернетақта,  
анықтау 28, 43

## **Қ**

қалпына келтіру бөлімі 60  
қалпына келтіру дискілері 60  
қалпына келтіру дискілерінен  
қалпына келтіру 62  
қалпына келтіру, жүйе 61  
қалпына келтіруге бөлектелген  
бөлімнен қалпына келтіру 62  
қатты диск  
орнату 52  
шығарып алу 50  
қатты диск ұясы, анықтау 34  
қауіпсіздік кабелінің ұясы,  
анықтау 30  
қауіпсіздік туралы ақпарат,  
3D 7  
қолдау көрсетілетін дискілер 61

қосқыш, қуат 30  
қуат қосқышы, анықтау 30  
қуат түймешігі, анықтау 27  
қуат шамы, анықтау 26, 29  
құлаққап (аудио шығыс)  
ұясы 32

## **М**

мензегіш құрылғылар, таңдаулы  
параметрлерді орнату 44  
микрофон (аудио кіріс) ұясы,  
анықтау 32

## **Н**

нормативтік ақпарат  
нормативтік ақпараты бар  
жапсырма 68  
сымсыз куәландыру  
белгілері 68

## **О**

ойнатуды басқару элементтері,  
HP MediaSmart 14  
оптикалық диск жетегі,  
анықтау 30  
Оптикалық диск жетегін шығару  
пернесі, анықтау 28

## **Ө**

өнім аты мен нөмірі,  
компьютер 67  
Өнім кілті 68

## **П**

параметрлерді басқару, HP  
MediaSmart 14  
пернелер  
esc 28  
fn 28  
Windows қолданбалары 28  
Windows логотипі 28  
әрекет 28  
оптикалық диск жетегін  
шығару 28  
пернетақта  
жарықтандырғышының әрекет  
пернесі 41  
пернетақта, кірістірілген 28, 43  
пернетақтадағы пернелер  
тіркесімдері, анықтау 42

порттар

eSATA 31  
HDMI 31  
SuperSpeed USB 31  
USB 30  
сыртқы монитор 31

## **С**

сабвуфер, анықтау 34  
сақтық көшірме жасау  
жеке файлдар 63  
теңшелетін терезе, құралдар  
тақтасы мен мәзір  
параметрлерінің сақтық  
көшірмесін жасау 63  
Сандық медиа ұясы,  
анықтау 30  
саптамалар  
анықтау 10  
пайдалану 19  
Сенсорлы аймағы, анықтау 26  
Сенсорлы тақта  
қосу және өшіру 45  
Сенсорлы тақта шамы 25, 26  
сериялық нөмір, компьютер 67  
сол камераны/оң камераны  
ауыстыру 16  
стереоскопиялық көру 9  
сымсыз байланыс пернесі,  
анықтау 41  
сымсыз байланыс шамы 26  
сымсыз желі (WLAN), қажет  
жабдық 38  
сымсыз желі, қосылу 37  
сымсыз жол жоспарлағышы 39  
сымсыз куәландыру белгісі 68  
сымсыз қосылыстардың  
орнатуы 38  
сыртқы монитор порты,  
анықтау 31

## **Т**

техникалық сипаттама  
белгішесі 67  
төменгі дыбыс жиілігі  
параметрлерінің жылдам  
пернесі 42  
тұтынылатын қуат 69

- түймешіктер
  - TouchPad панелінің оң жағы 26
  - TouchPad панелінің сол жағы 26
- Түпнұсқалық туралы куәліктің жапсырмасы 68
- тінтуір, сыртқы
  - таңдаулы параметрлерді орнату 44
- Ұ**
- ұялар
  - RJ-45 (желі) 31
  - аудио кіріс (микрофон) 32
  - аудио шығыс (құлаққап) 32
  - батарея 34, 68
  - қатты диск 34
  - қауіпсіздік кабелі 30
  - Сандық медиа 30
- Ү**
- үндеткіштер, анықтау 29
- Ф**
- фотосензитивті қояншық ұстауы 8
- Ш**
- Шағын DisplayPort, анықтау 31
- шамдар
  - caps lock 26
  - батарея 30
  - веб-камера 33
  - диск жетегі 29
  - дыбыс өшіру 26
  - қуат 26, 29
  - Сенсорлы тақта 25, 26
  - сымсыз 26
- Ы**
- ысырма, батареяны шығару 34
- І**
- ішкі дисплей қосқышы, анықтау 33
- ішкі микрофондар, анықтау 33
- Э**
- экран жарықтығы пернелері 40
- экран кескіні, ауыстырып қосу 41
- А**
- ATI Catalyst басқару орталығы 4
- ATI Eyefinity 4
- В**
- Beats Audio 3, 42
- Bluetooth жапсырмасы 68
- С**
- caps lock шамы, анықтау 26
- Е**
- eSATA порты, анықтау 31
- esc пернесі, анықтау 28
- Eyefinity 4
- Ғ**
- f11 62
- Fences 3
- fn пернесі, анықтау 28, 42
- Н**
- HDMI порты, анықтау 31
- HP MediaSmart 14
- І**
- ISP, пайдалану 36
- М**
- Microsoft түпнұсқалық туралы куәлігінің жапсырмасы 68
- MyColors 3
- R**
- Recovery Manager 60, 61
- RJ-45 (желі) ұясы, анықтау 31
- S**
- Stardock
  - Fences 3
  - MyColors 3
- SuperSpeed USB порты, анықтау 31
- T**
- TouchPad
  - пайдалану 44
  - таңдау 46
  - түймешіктер 26
  - шарлау 45
- TouchPad панелінің жылжу іс-қимылы 47
- TouchPad панелінің қысу іс-қимылы 47
- TouchPad панелінің ұлғайту іс-қимылы 47
- TouchPad іс-қимылдары
  - жылжу 47
  - қысу 47
  - пайдалану 46
  - ұлғайту 47
- U**
- USB порттары, анықтау 30
- W**
- Windows қолданбалар пернесі, анықтау 28
- Windows логотипі бар перне, анықтау 28
- WLAN
  - жалғау 37
  - қорғау 39
- WLAN антенналары, анықтау 33
- WLAN жапсырмасы 68
- WLAN құрылғысы 68
- WLAN құрылғысын орнату 38

